

ЖИЫН

ҮЗДІК ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Б. Римова атындағы драма театрында құрылысшылар күніне арналған салтанатты жиын өтті. Жиын барысында өңір басшысы Амандық Баталов құрылыс саласының мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтап, үздік құрылысшыларды марапаттады.

Жиында сөз алған А. Ғаббасұлы құрылыс пен сәулет өнері – ең көне кәсіптердің бірі, заманымыздың маңызды да құрметті мамандығы екендігін атап өтіп, сала мамандарына жылы лебізін арнады.

«Қоғам өзгеріп, дамыған сайын бұл мамандыққа деген қажеттілік күн санап артып келеді. Соған сәйкес құрылыс индустриясы да жылдан жылға дамып, жетіле түсуде. Осы орайда құрылыс саласында еңбек етіп жүрген сәулетші, жобалаушы, инженер, тас қалаушы, сылақшы сияқты тағы басқа көптеген кәсіп иелерінің әрқайсысы экономикамыздың дамуына, әлеуметтік жағдайдың жақсаруына зор үлесі қосып отыр. Алматы облысының, соның ішінде облыс орталығы Талдықорған қаласының келбеті, сәні мен сәулеті артып, ерекше көз тартады. Облыс аумағындағы әсем ғұмараттар, қолайлы жолдар, жаңадан бой көтерген шағын аудандар, жасыл желекті саябақтар – осының бәрі де сіздердің еселеңбектеріңіздің жемісі. Оның игілігін бүгінде халық көріп отыр. Сол үшін сіздерге барша жетісулықтардың атынан ризашылығымды білдіремін», - деген аймақ басшысы облыстағы құрылыс саласының даму бағыттары жөнінде мәселелерге кеңінен тоқталып, мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының орындалуы, әлеуметтік нысандар тұрғызу, жол жөндеу мен салу, инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту шаралары турасында жос-парларды нақтылады. Мәселен, биылғы жылы 784,5 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланса, соның 364,8 мың шаршы метрі бірінші жартыжылдықта пайдалануға берілді. Республикалық және жергілікті бюджеттен қаржылай қолдаудың арқасында биылғы жылы 8 білім беру мекемесі, 10 денсаулық сақтау нысаны, 4 дене



шынықтыру-сауықтыру кешені, ішкі істер органдарының 18 нысаны пайдалануға берілетін болады. Елбасының 5 әлеуметтік бастамасында айтылған студент жастарды жатақханамен қамту тапсырмасына сәйкес облыста 1930 орындық құрылысы жоспарланған.

Өз құттықтауынан кейін Амандық Ғаббасұлы бірқатар мемлекеттік мекемелердің, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қызметкерлеріне «Құрметті құрылысшы» төсбелгісін, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің және облыс әкімінің Құрмет грамоталарын және алғыс хаттарды табыстады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯ ҒАББАС БАТАЛОВТЫҢ 110 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА



ХАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ЖАНАШЫРЫ

Газетіміздің 29 наурыз күнгі №12 санында «Ғибратты ғұмыр қазынасы» атты жалпы тақырыппен халық мұрасының шынайы жанашыры болған, марқұм қазақтың көкірегі қазына-көмбе, шежірешіл Ғаббас Баталовтың тәуелсіздігімізге дейін айтып кеткен әңгіме-нақылдары мен өмірден көріп білген пайымдаулары жарияланған еді.

Міне, содан бері редакция қоржынына толассыз хаттар келуде. Олар осындай шежіре-қарттардың естеліктерін, ақыл-өсиеттерін көптеп әрі жиі жариялауды сұрайды. Біз оқырмандар өтінішіне орай келер жылы туғанына 110 жыл толатын Ғаббас қарияның айтып, жазып кеткен бүгінгі күні де құнарлы, құнды дүниелерінің және бір топтамасын жариялап отырмыз.

Жалғасы 8-9-бетте.

«АЛАТАУ» газетіне 20 жыл

АПТАЛЫҚТЫҢ АБЫРОЙЫ

Егеменді еліміздің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, сондай-ақ күнделікті өміріміздің тыныс-тіршілігінің айнасы іспетті «Алатау» апталығының жиырма жылдық мерейтойы барша оқырман қауымына ортақ қуаныш деп білеміз. Қоғам қайраткері әрі көрнекті ақын Олжас Сүлейменовтың: «...тарих қызықтырады, тарих беттері қызығушылық тудырады» дегені сияқты, бұл басылымның әрбір беті шежірелі тарихи қазынаға толы екені айдан анық.



Өткен жылдар мұхдарында редакция ұжымында берік қалыптасқан, өзіндік қолтаңбасы бедерленген игі дәстүрі бар. Ол – халықтың мүддесін қорғау, мұратын басты нысана етіп, ұлт болмысын баянды етуге батыл барып, халықтың сөзін сөйлеп, талап-тілектеріне ұдайы назар аударып, өмірдің шындығын жазып келетіндігі дер едік.

Газет өзінің мазмұндылығын да, сапасын да, көркемделу жағын да бүгінгі талап тұрғысына сай жақсартып түскендігін анық аңғарамыз. Басылым беттерінде жарияланған мақалалар ұлттың рухын оятуға, жұртшылықты парасаттылыққа баулуға, көңілді марқайтатын мәдениетке

дағдыландыруға, білім мен біліктілікке, өркениетті өнерге тәрбиелейтін қарулы құралға айналғанын да атап өткеніміз жөн. Қазіргі дәуірдің дамыған технологиясын меңгерудің тиімді тәсілдеріне байыппен араласып, ғаламторда қаптаған ақпараттардың ақиқатын түсіндіре отырып, ұлттық рухтың тәуелсіздігі төңірегіндегі әңгіме тиегіне іліккен мәселелерді іріктеп оқырманға ұсыну арқылы халықты берекелі бірлікке, ынтымақты татулыққа шақырып, Ұлы даланы құтты қонысқа айналдырған «Мәңгілік ел» идеясын кеңінен насихаттау бағытындағы ізденістері мен татымды табыстары да атап өтуге лайықты екендігіне толық негіз бар.

«Алатау» газетінде кезінде қаламдары қарымды, кішімен де, үлкенмен де ашық-әңгіме дүкен құра алатын, ізеттіліктің инабаттылығын берік ұстанатын әрі жазу

мен ізденіс тәсілдерін жете меңгерген шеберліктері шыңдалған, шығармашылық әлеуеті салмақты қабырғалы қаламгерлер қауымының қызмет атқарғандығын жақсы білеміз. Олардың қатарында Төкен Әліпбаев, Кенжехан Рақыш, Болат Бисұлтанов және басқалар бар еді. Қаламы жүйрік журналистерден үлгі алған, тәлім-тәрбиесін үйренген бүгінгі жас таланттардың жемісті еңбектерінің игілігі мол ізденістермен ұштасып келетініне ризалықпен сүйсіне қараймыз.

Бүгінгі таңда редакция ұжымы Елбасымыздың экономикамызды дамытып, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайымызды жақсартып, мәдениетімізді марқайту бағытындағы сара жолын пәрменді түрде насихаттап, мемлекетіміздің ішкі-сыртқы саясатын қолдаумен бірге Жетісу өңірінің халқын алда тұрған ауқымды міндеттерді

жүзеге асыруға біркөсідей жұмылдыру үстінде. Бұл бағытта «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асыруда басылымның ұжымы шалқар шабытпен, жаңа күш-қуатпен еңбек етулері үшін ой-тұжырымдарын нықтап, қаламдарын ұштап, шеберліктерін шыңдап, асқарлы биіктерден көріне беретіндіктеріне сенеміз.

«Алатау» апталығының бүгінгі кезеңдегі басты міндеті – рухани жаңғыру аясында ата-бабадан мұра тұтқан ұлттық өнердің құндылықтарының мән-маңызын, ұлағатты өнегенің қазіргі заманға лайықты інжу-маржандарын жасөспірімдердің ой-санасына құйып, бойына сіңіру, өмірде пайдалана білу қағидаларын кеңінен дәріптеуге бағытталғаны жөн деп білеміз.

Соңы 2-бетте.

«АЛАТАУ» газетіне 20 жыл

АПТАЛЫҚТЫҢ АБЫРОЙЫ

Соңы. Басы 1-бетте.

Солар арқылы жастарды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, қайырымдылыққа, туысқандық пен бауырмашылдыққа, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық көрсетуге баулып, адами асыл қасиеттерді терең ұғындыру бірінші кезектегі мақсат-мұратына айналғаны ұтымдыдырақ болары кәміл. Жастардың ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымын жетілдіру қабілеттерін арттырудың мәні де, маңызы қашан да ерекше болмақ.

Ойымызды қорыта айтқанда, сүйікті оқырмандарымен жиырма жылдан бері іркіліссіз қауышып келетін «Алатау» апталығы бүгінде саяси тұрғыдан алғанда өзіндік бағыт-бағдары бар,



әрбір жұмалық санын асыға күтетін қалың оқырманы қалыптасқан, сөзі тұшымды, айтары нақты бұқаралық ақпарат құралдарының санатынан берік орынға жайғасқан басылым ретінде танылуы қуантады. Алдағы кезеңде де «Алатау» апталығының оқырман жұртшылықтың көңіліндегі көкейтесті мүдделерін сергектікпен серпілтердей дөп басып, ата тарихымыздың

құндылықтарын ұлықтап, ұтымды жақтарын зерделеп дәріптеуде зеректік таныту қажеттігі туындайтыны ақиқат. Дұрыс бағытынан бұрыс кетпейтін басылым ретінде қуанышты сәттері көбейіп, шығармашылық салада жаңа ізденістермен еңбек етіп, жағымды жаңалықтардың жаршысына айналып, қаламгер-қызметкерлерінің тәлімді тәжірибелерін толықтырып, шеберліктерін шыңдай беретініне бек сенеміз.

Әли ЫСҚАБАЙ,
журналист-жазушы,
«Алатау» апталығының
бұрынғы бас редакторы.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

АСЫҚТЫ АЛШЫСЫНАН ТҮСІРДІ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында «Алтын сақа» атты ұлттық ойындар спартакиадасы өтті.

Талдықорғанда ұйымдастырылған іс-шараның негізгі мақсаты бабадан мирас болып қалған ұлттық спортты кеңінен насихаттау, жастар бойындағы бағзы дәстүрге деген құрметті ояту, мергендік өнерді қайта жаңғырту болып отыр. Сондықтан бұл додаға өз аудан, қалаларында топ жарып, алға шыққан жастар қатысты. Нәзік жандылығымыз да шарадан тыс қалған жоқ. Белсенділік танытып, бестас ойнап сынға түссе, ерлер ләңгі тебуге ептіліктерін байқатты.

Қолмергендер мен көзмергендер асық атудан өзара үздіктерін анықтады. Бар өнерін ортаға салып, жеңіс тұғырынан көрінуге тырысқан спортшылар жарыс көрігін қыздырды. Жыл сайын өтетін спартакиаданың жеңімпаздары республикалық бәсекеге жолдама алады.

Алматы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев: «Жарыста жеңіске жеткен спортшыларымыз, командалық қыркүйек айында Ақтөбе қаласында өтетін ұлттық спорт түрлерінен үлкен фестивальге барады. Сол жарысқа отбор ретінде бұл жарыс ұйымдастырылып отыр», - дейді.

Д. БЕЙБІТ.



ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Талдықорғанда былтыр ғана 200 миллион теңгеге орнатылған қоқыс контейнерлері жарамсыз болып тұр. Бұл туралы қала тұрғындары «Еуразия бірінші арнасына» шағымданып, қоқыс жәшіктері уақытында тазаланбай, маңайын кеміргіштер жайлап алғанын айтып даурығуда.

КОМАҚТЫ ҚАРЖЫ
КОҚЫСТА ҚАЛДЫ

Жәшіктің аузы-мұрнынан асып төгілген қоқыстың иісі қолқаны қабады. Жақын маңдағы тұрғындар күннің ыстығында тіпті терезені аша алмай отырғандарын айтады. Дала кеміргіштері мен егеуқұйрықтардың «ұясына» айналған қоқыстан қандай да бір эпидемиялық індет тарай ма деп үрейленіп отырған тұрғындар да жоқ емес.

Бүгінде қаламызда 300-ге жуық қоқыс жәшігі пайдаға жарамай, қаңсып қалған. Жалпы, Талдықорған бойынша 135 аулаға дәл осындай 270 контейнер орнатылса, оның тең жартысы ғана тазаланады. Қоқыс контейнерлерін босатуға небәрі 4 техника ғана қызмет көрсетіндіктен, дер уағында тазаланбайды. Осындай салғырттыққа күйінген

тұрғындар «Тазалауға техника жоқ болса, мұндай контейнерлер не керек? Керегі жоқ. Бостан-бос сасып жатыр», - дейді.

Ал аталған мәселе төңірегінде телеарна тілшісіне жауап берген қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін атқарушы М. Нұрғалиев: «Топып кетіп жатыр. Уақытылы алынбайды дегендей біраз өзекті мәселе бар. Яғни, пәтер иелерінің кооперативі біздері Тұрғын үй қызметі мердігер мекемесіне келіп, құжаттарға қол қойып, келісім-шартқа отыруы керек. Содан кейін келісім-шартқа сәйкес, жұмыстарын атқара береді», - дейді.

Д. ӘМІР

ФЕСТИВАЛЬ

ЗАМАНАУИ БИ:

МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ДАРЫТА АЛА МА?

Елбасы Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялап, жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керектігі жайлы айтқан болатын.

Жастарға көңіл аудару, өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау — қоғамның қажетті де маңызды міндеттерінің бірі. Осы орайда Алматы облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы, Алматы облысының жастар ресурстық орталығы, «Funky Town» шығармашыл жастарды қолдау орталығының ұйымдастыруымен Қазақстанда тұңғыш рет, соның ішінде облыс орталығы Талдықорған шаһарында «JETYSU INTERNATIONAL BATTLE» би фестивалі өткізілмек.

Тамыз айының 16 - 17 күндері аралығында «Жастар» саябағында өткізілетін ауқымды шараға әлемнің 10 мемлекетінен 50 команда, 300-ден астам бишілер қатысады деп күтілуде. Ұйымдастырушылардың сөзінше, бұл шараның жастар бойына мәдени құндылықтарды дарытуға, заманауи өнерге деген құлшынысын дамытуға септігі мол.

Әлбетте, еліміз үшін мұндай ауқымды шараның өтуі үлкен мәртебе деуге болатын шығар. Дегенмен, баспасөз мәлімдемесінде атап көрсетілгеніндей, заманауи үлгідегі би фестивалін өткізу арқылы жастар бойына мәдени

құндылықтарды дарыта аламыз ба? Пайдасы қандай? Бұл шараның өңірімізде спорт пен заманауи өнер түрін дамытуға септігі тие ме?

Бекзат АҒИЯР, Алматы облыстық Сүйінбай атындағы филармониясының бишісі, ҚР Мәдениет саласының үздігі: «Бидің әр түрі бар ғой. Соның ішінде бұл биді спорттың бір түрі деп түсінуіміз керек шығар. Осы арқылы жастар бойындағы белсенділікті арттыруға болады. Олардың жан-жақты дамуына септігі мол. Бір сөзбен айтсам, жастар үшін ешқандай зиянды жағын көріп тұрғаным жоқ. Әрі, он мемлекеттің кәсіби бишілерінің бірімен тәжірибе алмасуы үшін де септігі мол. Мәселен, осы бағытта қаламызда «Контраст», «Арлан» сынды топтар бар. Олар үшін өте қажетті фестиваль деп ойлаймын.

Ал енді эстетикалық, тәрбиелік мәні бар болатын дүниені іздесең, қазақты таныту үшін онда ұлттық дәстүр жағын паш ететін биді ұйымдастырған абзал. Аталмыш шараны өткізу арқылы бір ұлтты танып білеміз деу де бекер, мұнда ешқандай ұлттық ерекшелік жоқ, бәріне ортақ би түрі. Тек жастардың

жалындап тұрған жігерін ғана көрсететін, ұлттық бояуы жоқ дүние деп қабылдау керек. Мұнымен қоса фестивальді өткізу арқылы мәдени құндылықтарымыз артпайды. Мәдени дейтіндей ешқандай ұлттық дүние де жоқ. Он мемлекеттен бишілер келеді. Олардың өзіндік ұлттық нақыштағы дүниесін алып келеді деп айту да қиын. Себебі, бұл — заманауи би үлгісінде өткізілетін шара. Ешқандай ұлттық жаңғыру, мәдени құндылықтың иісі де жоқ. Бұл тек үстіне алқам-салқам киім киіп, шашын боятып, құлағына сырға салып дегендей... неше түрлі қимылмен билейтін би түрі. Ұлттық ерекшелік деген дүниені көреміз деу де бекер. Сіз айттып отырған рухани жаңғыру дегеннің ауылы тіптен алыста қалады. Бұл бидің орындаушылық шеберлігі, музыка жағы да заманауи үлгіде. Егер этно стиль десек, мәселен, «Тұран», «ХасСак» сынды ансамбльдер секілді ұлттық нақыштағыны өзгертіп заманауи, этно стильде жасап жүрсе, айтар едік. Бұл заманауи тұрғыдағы би ғой.

Ал пайдасы қандай десек, би дегеннің өзі адамға керемет көңіл-күй, шабыт береді емес пе?! Заманауи үлгідегі биді билеудің өзі оңай дүние емес. Бір уақытта қаншама ритмді орындап шығу, бір секунд ішінде қол-аяқты жинап үлгерудің өзі кәсіпқойлықты аса қажет етеді. Бұған да небір іс-қимыл керек. Сырттай бақылап

қараған адамға өте әдемі дүние деп сипаттауға болатын шығар.

Әлемнің 10 мемлекеті қатысатын фестивалдің еліміз бойынша дәл Алматы облысының орталығында өткізілуінің өзі үлкен мәртебе, жетістік деп айтсақ болады. Бұған тәрізді ететін қазылардың өзі әлем деңгейіндегі мамандар болғандықтан, біздің қаламыздың аты әлемге танылады деген сөз. Яғни, Алматы облысының орталығы Талдықорған шаһарын насихаттаудағы дайын жарнама десек әбден болады. Әрі, бұл шараға қатысып, жеңімпаз атанған бишілер Францияда өтетін «FUSION CONCEPT» әлем чемпионатына жолдама алады. Ал ол жердегі өтетін шарада Қазақстанның Талдықорған қаласынан іріктелген бишілер деп хабарлама жасайды ғой.

Жалпы, болашақта осындай әлем деңгейінде өткізілер бидің ұлттық нақыштағы түрін танытатын фестиваль өткізілсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Осы орайда фестивальге жұмсалар қаржы мәселесін білмек оймен шараны ұйымдастырушыларға хабарласқан едік. Алайда, мұндай мәлімет алдын ала берілмейді деген жауап алдық.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.



ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

УПРОЩЕНИЕ АЛГОРИТМА - ЭКОНОМИЯ ВРЕМЕНИ

АО «ЕНПФ» продолжает совершенствовать предоставление услуг. Теперь на сайте можно предварительно проверить предоставляемые документы по основным видам выплат в Фонде.

Для удобства вкладчиков и получателей выплат на сайте enpf.kz в разделе «Электронные сервисы» доступна функция, при помощи которой проверяется соответствие требуемых документов на виды выплат, которые возможно предоставить в Фонд посредством почтовой связи.

Услугу проверки документов на сайте могут получить следующие лица:

- имеющие право на пенсионные выплаты из ЕНПФ за счет добровольных пенсионных взносов;
- имеющие инвалидность 1,2 группы, если инвалидность установлена бессрочно;
- выехавшие на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан;
- наследники пенсионных накоплений умершего вкладчика/получателя.

Предварительная онлайн-проверка не может быть осуществлена при предоставлении документов на получение выплат по возрасту, которые подаются в Государственную корпорацию «Правительство для граждан» через ЦОНЫ, а также для получения выплат на погребение, поскольку такие документы предоставляются при личном обращении в Фонд.

Для предварительной проверки документов необходимо выполнить несколько простых действий:

- настроить сканер;
- использовать формат бумаги – А4;

- сканировать и сохранять документы в формате jpg/tif ;

- многостраничные документы должны быть сохранены в одном файле;

- при режиме сканирования в цвете качество изображения применить формат 300 dpi, обеспечивающий четкость и читабельность документов.

Предоставляемые документы должны удовлетворять следующим условиям:

- по виду пенсионной выплаты должен быть предоставлен полный пакет сканированных документов согласно перечню документов в зависимости от вида пенсионной выплаты и способа их предоставления в ЕНПФ;

- все документы в разрезе видов пенсионных выплат необходимо сканировать в цвете (при требовании оригинала документа необходимо сканировать оригинал документа, при этом – допускается предоставление сканированных страниц с оригинала заграничного паспорта/удостоверения лица без гражданства/паспорта гражданина Республики Казахстан, на которых имеются отметки);

- размер каждой сканированной копии в цвете должен быть не более 2 МБ.

Перечень документов в зависимости от вида пенсионной выплаты и способа обращения в ЕНПФ размещен в разделе «Услуги Получателя».

Для получения данной услуги необходимо пройти по ссылке <https://www.enpf.kz/ru/elektronnnye-servisy/checkdoc.php>

Это сэкономит время и поможет исправить/дополнить все необходимые документы и привести их в соответствие с требованиями.

ЕНПФ НАПОМИНАЕТ О НЕОБХОДИМОСТИ ПОЛУЧЕНИЯ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ

ЕНПФ информирует лиц, достигших пенсионного возраста и имеющих пенсионные накопления в ЕНПФ, но по каким-либо причинам не обратившихся на сегодняшний день за их получением, о необходимости обращения в подразделения НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» в соответствии с графиком работ Государственной корпорации в любое удобное время.

ЕНПФ напоминает, что до октября 2018 года лица, достигшие пенсионного возраста, за получением пенсионных накоплений обращались в подразделения ЕНПФ, а за получением базовой и солидарной пенсии из государственного бюджета обращались в Государственную корпорацию.

С 11 октября 2018 года при назначении пенсионных выплат по возрасту используется принцип «одного окна» - лицам, достигшим пенсионного возраста, для назначения пенсионных выплат по возрасту и государственной базовой пенсионной выплаты из государственного бюджета, а также для получения пенсионных выплат за счет обязательных пенсионных взносов и обязательных профессиональных пенсионных взносов из ЕНПФ необходимо обращаться с единым заявлением и пакетом документов только в Центры обслуживания населения Государственной корпорации по месту жительства.

В этой связи ЕНПФ информирует лиц, достигших пенсионного возраста, о необходимости проверить наличие пенсионных накоплений в ЕНПФ, и при их наличии обратиться в подразделения Государственной корпорации.

Более подробную информацию вы можете получить, позвонив на единый номер call-центра 1418 или посетив один из офисов Фонда.

ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ПОРТФЕЛЬ ПЕНСИОННЫХ АКТИВОВ ЕНПФ

По состоянию на 1 июля 2019 года пенсионные активы ЕНПФ, находящиеся в доверительном управлении Национального Банка Республики Казахстан, составили 9,99 трлн тенге.

Доходность пенсионных накоплений за последние 12 месяцев (июль 2018 г. – июль 2019 г.) составила 9,4 % при инфляции за аналогичный период 5,4 %.

Начисленный инвестиционный доход с начала 2019 года превысил 285,2 млрд тенге.

Структура начисленного инвестиционного дохода выглядит следующим образом:

- доходы в виде вознаграждения по ценным бумагам, в том числе по размещенным вкладам и операциям «обратное РЕПО» 330,57 млрд тенге;
- убытки от рыночной переоценки ценных бумаг (31,79) млрд тенге;
- убытки от переоценки иностранной валюты (24,10) млрд тенге;
- доходы от внешнего управления 6,68 млрд тенге;
- прочие доходы составили 3,85

ПО СОСТОЯНИЮ НА 1 ИЮЛЯ 2019 ГОДА

млрд тенге.

По состоянию на 01.07.2019г. средневзвешенная доходность к погашению долговых финансовых инструментов, находящихся в инвестиционном портфеле ПА ЕНПФ, составила 7,0% годовых, в том числе по номинированному в тенге – 8,5% годовых, в иностранной валюте – 3,7% годовых.

Основную долю в портфеле пенсионных активов ЕНПФ (40,31%) составили государственные ценные бумаги Республики Казахстан. На отчетную дату средневзвешенная доходность к погашению по ГЦБ РК, номинированным в тенге, составила 7,5% годовых, в долларах США – 4,5% годовых.

Текущая стоимость государственных ценных бумаг иностранных государств на 1 июля 2019 года составила 1 446,22 млрд тенге, увеличившись с начала года на 21,34%. Их доля в портфеле составила 14,47%. Средневзвешенная доходность к погашению ГЦБ иностранных

государств в портфеле ПА ЕНПФ на отчетную дату составила 3,2% годовых.

Облигации квазигосударственных организаций Республики Казахстан на 1 июля 2019 года составляют 13,71% инвестиционного портфеля пенсионных активов. На отчетную дату средневзвешенная доходность к погашению по облигациям квазигосударственных организаций РК, номинированным в тенге, составила 10,2% годовых, в долларах США – 5,0% годовых.

Финансовые инструменты казахстанских банков второго уровня представлены следующим образом: 12,69% портфеля размещено в облигации, средневзвешенная доходность которых составляет 10% годовых в национальной валюте и 6,4% в долларах США; доля депозитов составляет 2,66% с средневзвешенной доходностью 9,4% годовых.

Инвестиционный портфель финансовых инструментов в разрезе валют, в которые

номинированы финансовые инструменты, приобретенные за счет пенсионных активов ЕНПФ, представлен следующим образом:

инвестиции в национальной валюте – 68,23 %, в долларах США – 31,36 %, в других валютах – 0,42% портфеля пенсионных активов.

Структурное распределение портфеля пенсионных активов ЕНПФ, находящихся в доверительном управлении, соответствует требованиям Инвестиционной декларации ЕНПФ.

На официальном сайте ЕНПФ размещена подробная информация об инвестиционной деятельности по управлению портфелем пенсионных активов

<https://www.enpf.kz/upload/medialibrary/a65/a650446e3c2fde2aefc14647e3bba902.pdf>

Детальный отчет об инвестиционной деятельности включает данные о том, в какие ценные бумаги и в каком количестве, по какой рыночной цене инвестируются пенсионные накопления вкладчиков.

Пресс-центр АО «ЕНПФ»



Лес – хранитель рек и озер, он защищает почву от водной и ветровой эрозии, положительно влияет на климат и урожай. В лесу обитают птицы и звери, растут ягоды, грибы и лекарственные травы.

ОГОНЬ - ОПАСНЫЙ ВРАГ ЛЕСА

Но в наших условиях, в условиях густонаселенности, непрерывного роста, городов и увеличения автомобильного транспорта лес приобретает особую ценность, является постоянным поставщиком кислорода, гигантским фильтром, очищающим воздух от пыли, сажи и различных химических примесей, источником фитонцидов – летучих веществ.

Лес играет незаменимую оздоровительную и эстетическую роль, служит местом отдыха трудящихся. Следует постоянно помнить об одной особенности леса: он крайне медленно растёт. Возраст спелости для сосны составляет 80–100 лет, дуба–100–120 лет. Вот почему мы обязаны беречь каждое деревце, каждый кустик!

Сухая погода и человеческий фактор часто являются причиной пожаров. Из-за отсутствия осадков на территории Лепсинского сельского округа установлен IV класс пожарной опасности. В таких условиях даже случайно брошенная в лесу спичка может привести к плачевным последствиям – выгоранию многих гектаров леса, гибели животных и людей. Особенно опасны в пожарном отношении сосновые молодняки, где возможны верховые пожары, которые в сухую и ветреную погоду распространяются с большой скоростью и наносят народному хозяйству большие убытки.

Чтобы избежать этого, при нахождении в лесу необходимо быть предельно внимательным и осторожным с огнём. Нельзя бросать горящие спички, оставлять непоту-

шенным костёр. Курить и разводить костры разрешается только в специально отведённых для этих целей местах. В сосновых же молодняках необходимо соблюдать такие же правила противопожарной безопасности, как и на автозаправочных станциях.

При возникновении лесного пожара – долг каждого гражданина немедленно приступить к его ликвидации, используя для этой цели ветки, песок. Если нет возможности ликвидировать пожар своими силами, необходимо сообщить о нём в национальный парк, лесхоз, либо акимат.

Призываем граждан неукоснительно соблюдать требования запрета и на период его действия отказаться от разведения костров на дачных участках и подворьях, а также в местах отдыха на природе. И тем более не выжигать сухую растительность!

На территории Лепсинского филиала РГУ «Жонгар – Алатауский ГНПП» ведется усиленная охрана природы. Государственные инспектора ежедневно патрулируют обходы, проверяя пожарную безопасность, также ведется дежурство, среди населения, природопользователей сотрудниками проводятся беседы. Все это делается, для того, чтобы сохранить леса, потому лес – наше национальное достояние, сохранить его – долг каждого гражданина!

М. КУАНЫШБАЕВ,
Гос.инспектор Черновского ИУ Лепсинский филиал РГУ «Жонгар – Алатауский»

ЭНЕРГОЭФФЕКТИВНОСТЬ ТРАНСПОРТА. ОСНОВЫ ЭНЕРГОЭФФЕКТИВНОГО ВОЖДЕНИЯ

Транспорт стал неотъемлемой частью каждого человека. Ежегодно увеличивается объем перевозок людей и грузов. Сравнивать количество транспортных средств в начале 2000 годов и сегодня не имеет смысла, так как общее развитие мировой экономики и увеличение количества населения свидетельствуют о неоднократном увеличении, к тому же, все становится мобильнее, в том числе и сам человек, за счет транспорта. Соответственно и увеличивается воздействие транспортных средств на природу, будь то воздушный, наземный или водный транспорт.

На сегодня, в Казахстане зарегистрировано более 4,5 миллиона транспортных средств, из них более 4 миллиона легковых автомобилей. В 2003 году количество зарегистрированных транспортных средств составляло 1,4 миллиона. То есть, за 15 лет количество транспортных средств увеличилось в три раза.

Такие темпы развития настораживают и заставляют задуматься о влиянии каждого из нас на окружающую среду, той местности, где мы с вами непосредственно живем.

Международный опыт показывает немало примеров перехода транспорта на экологические и энергоэффективные виды топлива, на создание инфраструктуры общественного транспорта, на установление дополнительных налогов и запретов и т.д.

Если говорить про Казахстан, то статистика показывает, что 94% всех легковых автомобилей используют в качестве топлива бензин и дизель, более 700 легковых автомобилей передвигаются на электрической тяге, а оставшиеся используют смешанные виды топлива (газ-бензин, гибридные и т.д.).

Вышеуказанные меры требуют финансовых затрат, но в международной практике есть еще один способ снижения потребления топлива без дополнительных усилий, и это энергоэффективное вождение (эко-вождение). Принципы эко-вождения широко используют крупные транспортные компании и автопарки Европы, а также Японии.

Энергоэффективное вождение – вот то, что делает наши перевозки и поездки экологически

дружественными. Эко-вождение, это соблюдение нескольких правил:

- плавный старт и плавное торможение;
- выключать двигатель при остановке автомобиля на более чем 60 секунд;
- соблюдение установленных параметров давления шин (хотим отметить, что мировые производители шин уже презентуют энергоэффективные шины, сведения о них вы можете найти в интернете);
- экономично использовать систему кондиционирования;
- соблюдение хорошего технического состояния транспорта;
- обновление автопарка.

Соблюдение этих правил позволит снизить уровень выбросов и уменьшить потребление органического топлива.

Такие инициативы уже появлялись в Казахстане в правительственной программе «Энергосбережение – 2020». К тому же, в рамках проекта Программы развития ООН и Глобального экологического фонда в 2014 году в городе Алматы проводились недельные тренинги по эко-вождению с приглашением международных экспертов из Австрийского энергетического агентства для представителей автопарков.

Конечно, сегодня рано говорить, что учебные центры Казахстана готовы предоставлять услуги по обучению энергоэффективному вождению, прежде всего из-за отсутствия спроса со стороны населения. Ведь в мировой практике имеется достаточно подготовленных программ и практических советов по данному вопросу, и если будет спрос, то учебные центры смогут за достаточно короткое время внедрить все необходимые программы и инициативы. Но в странах Европы, а также в Японии, существуют специальные курсы экологического и энергоэффективного вождения.

Эко-вождение позволяет сократить потребление органического топлива, повысить безопасность движения и снизить расходы на обслуживание.

АО «Институт развития электроэнергетики и энергосбережения»

Полосу подготовила: А. АКЫБАЕВА

ЭКОНОМИКА

КӨНІЛ КӨНШІТЕРЛІК КӨРСЕТКІШ

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БІР САЛАСЫ ОЛ – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ. ХАЛЫҚТЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТЫП, ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ, ӘРІ ӨНДІРІЛГЕН ӨНІМДІ ЭКСПОРТҚА ШЫҒАРУ ДА МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ. ЖЕТІСУ Өңірінің экономикасының қайнар көзі де осы ауыл шаруашылығында. КЕШЕГІ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕ МЫҢҒЫРТЫП МАЛ, ТОННАЛАП АСТЫҚ, ТӘТТІ ТҮБІР, ЖҮГЕРІ ӨСІРІП АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ШАРУАШЫЛЫҚТАР МИЛЛИОНЕР АТАНҒАНЫНДА ЕЛ ЖАДЫНАН ШЫҒАРА ҚОЙҒАН ЖОҚ. ЕКІ МӨРТЕ СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ НҰРМОЛДА АЛДАБЕРГЕНОВ БАСҚАРҒАН ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ӨЗІНЕН 20 БАТЫР ШЫҚҚАН. ҚИЫН-ҚЫСТАУ КЕЗЕҢНІҢ ӨЗІНДЕ ТАНАПҚА ҚАППЕН АРҚАЛАП КӨҢ ТӨГІП ҚЫЗЫЛШАДАН РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШКЕ ЖЕТКЕН. ЖАРКЕНТТЕГІ ДАЛА АРУЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ, ЕКІ МӨРТЕ ЕҢБЕК ЕРІ НИКОЛАЙ НИКИТОВИЧ ГОЛАВАДЦСКИЙ, КӨКСУ Өңірінің түлеуіне айрықша еңбек сіңірген еңбек батыры ЗЫЛИХА ТАМШЫБАЕВАНЫҢ ЕСІМІН ЕЛ МАҚТАНЫШПЕН АЙТАДЫ.

Заман өзгеріп, жекешелендірудәуірі басталып, нарықтық жүйеге ойысқанда, іргелі шаруашылықтар ыдырап, танауын тасқа соққан балықтай сансыраған күн кеше ғана болатын. Мал-мүлік, техникаға дейін талауға түсіп, бармақбасты көз қыстылардың азуында кетіп, қарапайым шаруа үлеске алған жер телімін иегере алмай, малын өсіре алмай, күйзеліске түсті. Мемлекет ұйымдасып тірлік жасағандарға субсидия бөлеміз, мал басын асылдандырғандарға жеңілдік болады деп неше түрлі бағдарламалар жүзеге асуда. Ауызды құр шөппен сүртуге тағы болмас, бүгінгі таңда жер емген шаруалар мен мал басын көбейтіп шаруашылығын шарықтатып отырған ауыл еңбеккерлерінің еңсесі биік. Солардың бір саласы Көксу ауданында. Алты айдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығынан алынған өнім

артып, 2100 гектарға себілген. Бүгіндері тәтті түбірді күтіп-баптау жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Жиын-терін науқаны басталғанда балтамырдан көксулық шаруалар 84,0 мың тонна өнім алуды жоспарлауда.

Жеріне шыбық қадасаң, бәйтерекке айналатын «Жетісу» өңірінде жемістің алуан түрі өсіріледі. Өкінішке орай, күні бүгінге дейін базарларда көкөніс пен жемістер Қазақстанның оңтүстік өңірлері мен көрші Өзбек, Қырғыз елдерінен келіп жатқаны жасырын емес-ті. Бағасы удай көкөністерді халық амалсыз алуда. Осы түйткілдерді шешу үшін кезінде облысты басқарған экс әкім, парламент мәжілісінің депутаты Серік Әбікенұлы Үмбетов облыста жылыжайлар салуды қолға алған болатын. Содан бергі таңда да бұл үрдіс әлі жалғасып келеді. Алайда, базардағы нарық бұқара халықтың көңілінен шығып тұрған жоқ. Себеб, Алматы облысы әлі күнге дейін өңірдегі тұрғындарын көкөніспен толық қамти алмауда. Осы бағытта Көксу ауданында 18 жылыжай жұмыс жасауда, Осы жылыжайлардан 110 тонна өнім алынған. Дала жұмыстарының басты көзі, егістік алқаптарды дер кезінде суғару. Бұл мәселе жалпы өңірлерде күрделі болып тұр. Себеб, жекешеленіп кеткен су қоймаларымен каналдардың арналары дер кезінде тазаланбайды немесе құбырлар ескірген. Сондықтан республика бойынша израилдік тәсіл тамшылатып суғару жүйесі тиімді болып тұр. Заманауи әрі озық технологияны Көксу ауданының шаруалары да қолдануда. Күніге 100 га тамшылатып суару жүйесі қолданысқа енгізіліп, ылғал сақтау технологиясын жүзеге асыруда.Таңның атысынан күннің батысына дейін бел шешпейтін шаруалар үшін ала жаздай баптаған өнімдерінің қоңыр күзде ысырапсыз жинап алу да зор міндет. Ол үшін алқаптарды дер кезінде суғарып, тиісті шараларды мезгілінде қолдану қажет. Тіршілік нәрі сусыз жоғары өнім де алынбайды. Кезекке тұрып, суға сұраныс жасаған шаруалардың, әсіресе, аптап ыстық басталғалы кенезесі кепкен егіс алқаптарын суғару күрделі болып тұр. Бұл жұмыс та жүйелі жүру үшін Көксу өндірістік учаскесінің 2019 жылға аудандағы су пайдаланушылардың су жеткізіп беру қызметі үшін қалған төлемдері және ауыл шаруашылық дақылдарын суармалы суын жеткізіп беру қызметі үшін 968 шаруа



қожалығы 13498 га жерге келісім шартқа отырған.

Көктемгі дала жұмысы басталғанда және жиын-терін кезінде мың құбылатын жанар-жағар май мәселесін шешуде арзандатылған бағамен ауданға 250 тонна жанар май бөлінген. Шаруашылықтардан 186 тоннаға сұраныс түсіп, барлығы 50 тоннадан «Қарамай Продактс» ЖШС арқылы жанар-жағар маймен толық қамтылған. Атом мен технологияның қарыштап дамыған кезеңінде ауыл шаруашылығы да заманауи техникалармен қамтылуы шарт. Көштен қалмай, мемлекет бөлген несиелерге қол жеткізіп, техникалармен қол жеткізуде аудан шаруашылықтары қалыс қалмаған. Мәселен, 2018 жылы 86 миллион 860 теңгеге 12 техника сатылып алынса, ағымдағы жылы 8 айдың қорытындысы бойынша 85 миллион 280 мың теңгеге 10 су жаңа техника сатып алыныпты. Сондай-ақ, көктемгі дала жұмысына 11 шаруашылыққа 63 млн 480 мың несие берілген.

Жер ананың арқасында тіршілік өткен адам да, мал да, жан-жануарлар да қажетті қорегін топырақтан алуда. Ол үшін айнала қоршаған табиғат пен жерді тиімді пайдалану адамзаттың үлесінде. Кеңестік жүйеде атом сынақтарын жер астында жарып, адам баласымен құнарлы топырқты шектен тыс улады. Бұдан бөлек, жоғары өнім аламыз деп түрлі химикат-

мақсатына арналған (жайылым, шабындық, көп жылдық екпелер) жерлерінің барлық алқабы бойыншаэлектрондық картасын қалыптастыруда. Аудан бойынша 355 504 га жайлымдық жерлерді электрондық картаға енгізу қажет болса, бүгінде соның 80 пайызға орындалып, 293 шаруашылық, 509 жайылым жер, 284 304, 77 га енгізілді.

Шабындық жерлер бойынша 5423-ганың 57 шаруашылық, 98 шабындық жердің 1644, 55 га, көп жылдық екпелер бойынша 122 гектардың 48,19 га жерлер электронды картаға түскен.

Қазақтың жаны малмен бірге. «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» дейтіні де сондықтан. Дәнді-дақылдардан бөлек, қыстың қамын жаз ойлаған шаруалар мал азығын дайындауда. 144 мың тонна шөптің 102 мың тоннасы дайындалып, пішендеме (сенаж) 21,5 мың тонна жинау100 пайызға орындалып, 21,5 мың тонна, сабанның 21,6 тоннасының 18 тоннасы орылған. Аудан да мал шаруашылығы тұрақты түрде дамып келеді. Мұнда да 6 айдың қорытындысына зер салсаңыз ет өндіру 4644,09 тонна 103,4%, сүт 9923,2 тонна, 107,2%, жұмыртқа 2677,4 104,1%, жүн 479 тонна 100,0% өндірілген. Мал басының аруы бойынша алынған төл: бұзау 15989 бас, өткен жылдан 501 бас артық, қозы мен лақ 86352 бас өткен жылдан 1842 бас артық, 5057 құлын алынған, бұл бас өткен жылдан 372 басқа артық, бота 8 бас, өткен жылмен 100%. Әр жүз аналық бастан 78 бас бұзау, 98 бас қозы, 74 бас құлын, 12 бас бота алынып, әр сауын сиырдан орташа 1588 литр сүт сауылып, жоспар артығымен орындалған. (108,7% артық), әр тауықтан 87дана жұмыртқа алынып, әр қойдан 3,5 кг жүн қырқылған. Жесең азық, кисең киім, міңсең көлік болған төрт түліктің бәрін өсіріп отырған ауданда 40805 ірі қара бар, оның ішінде 15969 бас сиыр, 212863 бас қой мен ешкі, 18248 бас жылқы, 507 бас шошқа, 109 бас түйе және 91778 бас құстардың түрлері бар. Малды өсіру бар да оны асылдандыру бар. Қазір шаруашылықтардың көбі іріленіп малдарын асылдандыруға ниетті. Бұл бағытта да ауданда асыл тұқым дәрежесін алған шаруашылықтар бойынша ірі-қара малын асылдандыру 2,2%, қой 6,3%, жылқы 1,7 пайызды құрайды. Жалпы аудан бойынша асыл тұқымды малдың үлесі ірі-қара 10520 бас, қой 69500 бас жылқы 3100 басқа тең.



тармен егістік алқаптарды дамылдатпай улағандықтан, жердің де құнары қашты. Жекешелендіру дәуірі басталғалы бері кедейлер мен байлар арасындағы жер дауы әлі басылмай келеді. Кезінде гектарлап алып алғандар айналасын қоршап, жекеменшіктің малын маңайларына жолатпауда. Бұл Көксу ауданына тән емес, бүкіл республика бойынша өзекті мәселе. Кімде қанша жер, игерілген және игерілмеген жерлерді электрондық жүйеге енгізуіне байланысты, мемлекеттік жер кадастрінің деректеріне сәйкес ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің ауыл шаруашылығы

Айтақын МҰХАМАДИ
КӨКСУ АУДАНЫ



мөлшері 4 974, 9 млн теңгені құрайды. Бұл көрсеткіш 2018 жылмен салыстырғанда 464,2 мың теңгеге артық. Жалпы аудан бойынша себілген егістік көлемі 31710 гектар болса, оның 19495 га суармалы, 12215 га тәлімді егістік. Көктемнен қара күзге дейін бел шешпейтін шаруалар үшін күздік дақылдардың да көлемі 2700 гектар. Күздік бидай, арпа, тритикале және жаздық дақылдар 24979 га құрайды. Жылдан-жылға егістік алқаптарын ұлғайтып майлы дақылдар мен мақсары, күнбағыс май бұршақты 12473 га, қант қызылшасы 2100, картоп 962, көкөніс 825, бақша өнімдері 140 гектарға себілген. Ауыл шаруашылық мамандарының айтуынша, бүгінгі таңда, күздік бидай 2440 га толығымен орылып орташа өнімділік 28,3 центнерден айналып, 6903 тонна бидай, күздік арпадан 157 тонна өнім алынып орташа өнімділік 26,2 құраса, жаздық арпаның 82 %, немесе 4180 га жиналып, орташа өнімділік 25 ц/га, өнім көлемі 10334 құрап, жаздық бидайдың 92 % немесе 874 га жиналып 2298 өнім алыныпты. Елбасының тікелей тапсырмасымен және облыс әкімі Аамандық Баталовтың ұйғарымымен қант қызылшасының көлемі өткен 2018 жылмен салыстырғанда 100 га



БІЛІМ

ЖЫЛ САЙЫН ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫНЫ БЕЛГІЛІ. БИЫЛ ОСЫ АКЦИЯ АЯСЫНДА МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОСЫМША ГРАНТТАР БӨЛІНІП, МИНИСТРЛІК АРНАЙЫ ЖИЫН ДА ӨТКІЗДІ. ЖЫЛДАҒЫДАН БІР АЙ ЕРТЕ БАСТАЛҒАН АКЦИЯ ЕНДІ ТЕК МЕКТЕП ҚҰРАЛДАРЫ МЕН КИІМ-КЕШЕКПЕН ШЕКТЕЛІП ҚАЛМАЙТЫН БОЛДЫ. ОСЫ МАҚСАТТА ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ А. МАМИННІҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ ҚАЙЫРЫ БАР

Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетов қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру және әлеуметтік мәселелерді шешу шаралары туралы баяндады. Оның айтуынша осы оқу жылдарында ЖОО-ларда оқу үшін көп балалы отбасылар мен атаулы әлеуметтік көмекті алатын отбасылардан шыққан балалар үшін қосымша 5 мың мақсатты грант бөлінеді. «Гранттар трансферттермен жергілікті атқарушы органдарға беріледі. Әкімдіктер өңір қажеттіліктерін ескерумен даярлау бағыттарының тізімін айқындайды. Республикалық маңызы бар облыстардың, қалалардың және елорданың әкімдері конкурстық комиссия құрады. Конкурсқа қатысудың міндетті шарты – ҰБТ-ның шекті баллын жинау. Қосымша гранттар бойынша конкурсқа өтініштер қабылдау 5 және 10 тамыз аралығында жүргізілді. Гранттар 25 тамызға дейін тағайындалады», - деді министр.

Сондай-ақ, грант иегерлерінің тізімін әкімдіктер жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды. Барлық грант иегерлеріне 20 949 теңге көлемінде шәкіртақы тағайындалады, каникул кезінде жылына екі рет жол жүру үшін (4 АЕК) өтемақы мен жатақханада орын алу үшін бірінші реттегі кезек беріледі. Жұмысшы біліктіліктері бойынша оқитын студенттердің шәкіртақысын арттыру бойынша

«Мектепке жол» жалпыреспубликалық акциясын қоғамдастық пен демеушілерді тарту арқылы кеңейту бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігі биыл «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы бойынша қосымша шаралар қабылдайтын болады. Акция 2008 жылдан бері жыл сайын еліміздің барлық өңірінде өткізіліп келеді.

«Биыл акция бір ай ерте, яғни 1 шілдеден басталды. Көмекке мұқтаж балаларды барынша қамту мақсатында жылжымалы пункттер, сондай-ақ еріктілерді тартумен мобильді топтар ұйымдастырылады», - деді А. Аймағамбетов.

Біздің облыста да айтулы шара өз жұмысын бастап кетті. Жұырда өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Жаңыл Сүлейменованың қатысуымен «Мектепке жол» дәстүрлі республикалық қайырымдылық шарасына арналған баспасөз конференциясы өткен-тін. Аталмыш шара аясында жыл сайын жүргізілетін акцияның мақсаты туралы толық баяндалды.

Жыл сайын өтетін қайырымдылық шарасы биыл Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен көмекке мұқтаж балаларды барынша қамту мақсатында 3 шілдеден бастау алды. Осыған орай 2019 жылдың 5 шілдесінде облыс әкімінің «Мектепке жол» акциясын өткізу туралы №78-ө-к өкімі шығып, акцияны ұйымдастыру комитетінің құрамы мен жұмыс жоспары бекітілді. Жаңа оқу жылының қарсаңында қолға алынған шара биыл «Жүрекпен – жүрекке» ұранымен өткізілуде. Жиында облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Ж. Мағданқызы бүгінге дейін 30 мыңнан астам баланың тізімі жасалып, 800-ге жуығына демеушілер 9 млн. теңгенің көмегін көрсеткенін айтты.

«Біз ата-аналарға баланы мектепке дайындауға жан-жақты көмектесеміз. Бұл — кеңсе тауарлары, мектеп формалары, спорттық киім, аяқкиім. Білім



басқармасы тарапынан акция аясында атқарылған жұмыс нәтижесі бойынша әр 10 күн сайын мониторинг жүргізіледі. Жалпы алғанда, облыста 760 мектепте 390 мыңнан астам оқушы болса, оның 16 мыңнан астамы көп балалы, 15 мыңға жуығы аз қамтылған және сәтсіз отбасының 1459 баласы тіркелген. Өткен 2018 жылы 36 мыңнан астам балаға 350 млн. теңгенің қайырымдылық көмегі жасалды. Бұл қаржының 208 млн. теңгесі демеушілер тарапынан бөлінді. Осылайша жылдан-жылға акцияның ауқымы кеңейіп, тұрақты демеушілер қатары артып отыр», - дейді Ж. Мағданқызы.

«Мектепке жол» акциясы балалар мен ата-аналарды ыңғайсыз жағдайда қалдырмау үшін ешқандай салтанатты жиынсыз өткізіледі. Сондай-ақ, әлеуметтік себептермен мектепке бармай қалатын балаларды анықтау мақсатында аудан мен қалаларда рейдтік шаралар жүргізіледі. Демеушілер мен меценаттардың мұқтаж балаларға көмектесуін, төмендетілген бағада мектеп тауарларын сату үшін мектеп жәрмеңкесі ұйымдастыру қолға алынады.

Айта кету керек, Талдықорған қаласында 2018 жылы «Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған отбасындағы тәрбиеленіп жатқан 2826 балаға жалпы 36,1 млн. теңге

көлемінде материалды көмек көрсетілсе, оның 1326-на демеушілер тарапынан көмек берілген. Ал, 1500 бала бюджеттік қаражат есебінен (жалпыға бірдей білім беру қорынан) киім-кешек, оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етіліпті.

Жыл сайын осы акция аясында көмек алатын қаламыздағы №2 орта мектептің оқушысымен тілдескен едік. Өзінің аты-жөнін атамаса да, ойын былайша жеткізді:

«Үйде алты баламыз. Жыл сайын осындай көмекті аламыз. «Мектепке жол» акциясы біз сияқты көптеген отбасыға көмегі зор деп ойлаймын. Өйткені, ата-анамыз 6 баланың барлығын киім-кешекпен, дәптер, қалам, кітаптардың барлығын алып бере алмайды. Ал, бұл берілетін заттардың өзі өте керек құралдар. Одан бөлек те мектептен қыстық киім, аяқ киімдер аламыз. Осындай көмек беріп отырған жандарға шексіз алғысымызды айтамыз.

Біз мектепке толықтай дайынбыз. Енді тек еш алаңсыз сабағымызды оқып, білімімізді жетілдіруге күш саламыз», - деп ағынан жарылды ол.

Осы тұста айта кетейік, 2017 жылдан бері «Баршаға арналған тегін ТжКБ» жобасы іске асырылуда. Колледждерде жұмысшы біліктіліктері бойынша 122 мың адам оқиды. Әлеуметтік кепілдік түрінде бір реттік ыстық тамақ (күніне 350 теңге), каникул кезінде жылына 2 рет жол жүру үшін 4 АЕК (10 100 теңге) көлемінде өтемақы және 16 759 көлемінде шәкіртақы қарастырылған.

Ал, биыл жұмысшы біліктіліктері бойынша оқитын студенттердің 70%-ы әлеуметтік сезімтал тұрғындар санатынан. Жалпы, студенттерді қолдау үшін Мемлекет басшысы шәкіртақы көлемін 30%-ға көтеруді тапсырды. Осылайша, жаңа оқу жылында шәкіртақы көлемі 21 787 құрайтын болады.

Г. ЕРДАУЛЕТОВА.

«ДӘУЛЕТТЕН КЕҢЕС»

ДЕКРЕТТІК ДЕМАЛЫСҚА «МИЛЛИОНМЕН»

Декреттік демалыс жайлы айтпайын десем де, бірнеше оқырманым «жүкті жандардың сауабын аласыз» деген соң ақыры жазуға тура келді. Дегенмен, менің бағытым баспана жайлы екенін ұмытпаңыздар.



• Біріншіден, декретке дейінгі ақшаны миллион алу үшін сіздің соңғы 12 айдағы ай сайынғы табысыңыз 280 мыңнан кем болмауы керек. Егер сіздің қазір аяғыңыз ауыр болса, сіз 4-5 айға салып үлгересіз. Сәйкесінше миллион емес, 400-500 мыңдай алуға мүмкіндігіңіз бар.

• Екіншіден, жеке кәсіпкер ретінде тіркелсем, кассалық құрылғы (кассовый аппарат) керек пе деп сұраушылар көп. Егер сіз қолма-қол ақшамен жұмыс істесеңіз, онда міндетті түрде құрылығыны тіркеу керек. Ал егер олай болмаса, онда тек банктен шот ашқаныңыз жеткілікті. Қолма-қол ақшамен жұмыс істейсіз, бірақ кассалық құрылғыны тіркегіңіз келмесе, салық режимі ретінде «патент» деген түрін таңдау шарт. Патенттің жеңілдетілген (упрощенка) салық режимінен айырмашылығы салықтар мен төлемдер алдын ала жасалады. Яғни, тамызда барып ашсаңыз 3 айға мысалы тамыз, қыркүйек, қазан төлем «ИП»-ны ашқан күні бірден жасалады.

• Үшіншіден, басқа біреудің «ИП»-сына жұмысшы ретінде тіркеліп жіберіп отыруға болады. Бірақ, ескеретін бір жайт бар: жалдамалы жұмысшының табыс салығы (Айлығыңыз - ең төменгі жалақы (ОПВ) – міндетті зейнетақы жарналары (МЗП) × 10%. Ал жеке кәсіпкердің табыс салығы 1,5% . Яғни жалдамалы жұмысшы ретінде шығыныңыз көбірек болады.

Сонымен, ай сайын зейнетақы қорына 1 айға 29700 теңге; әлеуметтік сақтандыру қорына 10395 теңге; медициналық сақтандыру бойынша 2970 теңге төлемдер жасалады (тек жалдамалы жұмысшыларға 2020 жылға дейін)

Ал, 6 айда 1 рет жалпы табыстың 1,5% табыс салығы ретінде төленеді. Бұл жеңілдетілген салық режимі (упрощенка) бойынша. Ал «патент» болса 1% төленеді табыс салығы ретінде.

• Декреттік демалыс ақшасының есептеу формуласы: соңғы 12 айдағы табыс / 12 (арифметикалық орта) × 4,2 - 10% (зейнетақы)

• Ай сайынғы бала күтіміне байланысты жәрдемақыны есептеу формуласы: соңғы 24 айдағы жалпы табыс / 24 яғни арифметикалық орта × 0,4 - 10% (зейнетақы).

Дүйсенбі - Понедельник, 19 тамыз



ҚАЗАҚСТАН



КТК

06.05 «Konil tolqyny»
06.256 02725 «Мәселе»
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
09.30 «Мен және менің роботым»
10.00 «Қызық екен»
10.45, 18.10 Телехикая «Қайран күндер»
12.25 Көркем фильм «Армандай біл»
14.10, 20.30 Т/х «47 баланың анасы»
15.00, 21.30 Т/х «Гүлпері»
16.00, 00.45 «Shanyraq»
17.00, 20.00, 00.10, 03.00 AQPAPARAT
17.15, 22.30 Т/х «Бізбен бірге»
23.20 Т/х «Құбылай хан»
01.35 «Qareket»

07.05 «КТК» қоржынынан ойын-сауық
07.20 Т/х «Женнеттің көз жасы»
08.40 Т/х «Қайсар жесір»
09.30 «Юрмала»
10.50 «Хочу быть Счастли-вой»
14.40 Х/ф «У вас будет ребенок»
16.35 Т/х «Аталар сөзі»
17.35, 03.55 Мерекелік концерт
18.00 «Сүйікті Дениз-2»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Пес-3»
23.40 Х/ф «Лесница в не-беса»
01.20 «Аталар сөзі»
02.10 Т/х «Женнеттің көз жасы»
03.10 «Әйел қырық шырақты»
04.20-05.00 «КТК» қоржынынан ойын-сауық



ЖЕТИСҮ

07. 05 Ән әлемі
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Апта /қаз/
09.50 Ән әлемі
10.00 Апта (рус)
10.50 Спорт тайм
11.15 Д.ф. «Апаттар ізімен»
12.10 Қазақ әні
13.00 К/ф «Жерұйық»
14.55 Док/сериал «Миллионеры».
15.20 «Поэзия құдыреті» әдеби кеш
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Монолог
18.00 Шашу
19.00 Д/ф «Мен Абайды әке деймін»
20.00 Бай қуатты болайық
20.30 Жаңалықтар
21.00 Туржорық
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Елес қыз»
22.35 Д/ф «Мәншүк»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости



7 КАНАЛ



ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.45 «Той базар»
06.40 «Той заказ»
07.10 «Тамада Баттл»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Поле Чудес»
12.00 «Қалаулым»
15.00 Т/с
16.55 «Пусть говорят»
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45, 02.45 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Ментовские Войны-9»
22.00, 02.00 «П@УТИНА»
00.45 «Научи меня жить»

06.00,14.00 Т/х «Жаңа Келін»
06.50, 21.05, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00 Сериал «Красавчик»
13.00 Т/ф «Жазмыш»
15.00 Сериал «Наше счастливое завтра»
17.00 Х/ф «Эспен в королевстве троллей»
19.00 Х/ф «Терминатор»
15.00 «Лучше не бывает»
21.00 Лотерея 777
23.10 Т/х «Әкесінің баласы»
00.20 Х/ф «Вспомнить все»
02.40 «KZландия»
04.30 «Жеңіп көр»
05.15 «Қуырдақ»

Сейсенбі - Вторник, 20 тамыз



ҚАЗАҚСТАН

06.05, 13.00 «Konil tolqyny»
06.30, 17.00, 20.00, 00.10, 02.35 AQPAPARAT
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
09.30 М/х «Мен және менің роботым»
10.00 «Қызық екен»
10.50, 18.10 Телехикая «Қайран күндер»
12.35 Д/ф «Қайсар»
14.00, 20.30 Т/х «47 баланың анасы»
15.00, 21.30 Т/х «Гүлпері»
16.00, 00.45 «Shanyraq»
17.15, 22.30 Т/х «Бізбен бірге»
23.20 Т/х «Құбылай хан»
01.35 «Qareket»
02.25 «100 бизнес бастауы»



ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00, 23.00 «Қызық times»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
08.10, 09.10 М/с «Юху и его друзья»
09.00, 13.00 Новости
10.15 «ХабарLine»
10.45, 18.45 Т/х «Аға»
11.30, 19.30 Т/х «Бәсеке-2»
12.10 «Тайны. Судьбы. Имена»
13.10 Т/с «Дурная кровь»
14.50 Т/х «Шашу»
15.50, 00.30 Т/х «Ақылдың кілті. Өмірдастан»
17.30 «Менің тағдырым»
18.00, 21.30 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
20.00, 00.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Үздік әндер топтамасы
21.00 Итоги дня
22.15 Т/с «Время»
02.00 «Әсем әуен»



АСТАНА

06.00, 03.30 «Ән мен әзіл»
07.00 «KazNet»
07.40 Әзілстан
08.40, 12.45 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.30 Т/с «След»
12.30 «ТенгеманияNEXT»
13.05 Х/ф «Статья на двоих»
15.20, 00.30 Т/х «Кешіккен хат»
18.00 Т/х «Бір болайық»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 Новости
«20.30»
21.00 Т/х «Үмітінді үзбе»
23.30 Т/х «Бір туған»



ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.45 «Той базар»
06.40 «Той заказ»
07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 Телеканал «Доброе утро»
11.00 Сериал «Когда прошлое впереди»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «Серафима прекрасная»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 02.45 «Кеш қалмайық»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45 Т/с «Ментовские

Войны-10»
22.00, 02.00 «П@УТИНА»
23.00 Т/с «Ментовские Войны-10»
00.45 «Научи меня жить»



КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Женнеттің көз жасы»
08.50 Т/х «Қайсар жесір»
09.50 Новости
10.20 «Пес-3»
12.20 «Лестница в небеса»
14.30 «У вас будет ребенок»
16.35 Т/х «Аталар сөзі»
17.35 Мерекелік концерт
18.00 «Сүйікті Дениз-2»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Пес-3»
23.30 «Лестница в небеса»
01.20 «Аталар сөзі»
02.10 «Женнеттің көз жасы»
03.10 «Әйел қырық шырақты»
03.55 «Мерекелік концерт»
03.55-04.30 «КТК» қоржынынан ойын-сауық



ЖЕТИСҮ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Туржорық
10.30 Бай қуатты болайық
11.00 Телесериал «Елес қыз»
11.40 Д/ф «Мәншүк»
12.00 Шашу
13.00 К/ф «М.Шоқай»
15.30 Концерт «Ең үздік махаббат әні»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Монолог
18.00 Шашу
18.50 Д/ф «Ш.Айманов»
19.00 Д/ф «Сыр сүлейі»
19.45 «Оқырман» әдеби клубы
20.30 Жаңалықтар
21.00 Тарих парақтары
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Есел қыз»
22.35 Д/ф «С.Масғұтов»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости



7 КАНАЛ

06.00,14.00 Т/х «Жаңа Келін»
06.50, 21.05, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00 М/ф «Даша и друзья:приключения в городе»
10.45 Т/с «Учителя»
13.00, 03.45 Т/х «Жазмыш»
15.00 Т/с «Наше счастливое завтра»
17.00 Т/с «Роковая песня»
19.00, 00.20 Х/ф «Робок-оп»
21.00 Лотерея 777
23.10 Т/х «Әкесінің баласы»
02.20 «KZландия»
04.30 «Жеңіп көр»
05.15 «Қуырдақ»

Сәрсенбі - Среда, 21 тамыз



ҚАЗАҚСТАН

06.00 Әнұран
06.05, 13.00 «Көңіл толқыны»
06.30, 17.00, 20.00, 00.10, 02.35 AQPAPARAT
07.00 «Таңшолпан»
09.30 М/х «Мен және менің роботым»
10.00 «Qyzyq eken...»
10.50, 18.10 Т/х «Қайран күндер»
12.35 «Тұлға»
14.00, 20.30 «47 баланың анасы»
15.00 Телехикая «Гүлпері»
16.00, 01.15 «SHANYRAQ»
17.15, 23.05 Т/х «Бізбен бірге»
21.30 «Жат мекен»
23.55 Т/х «Құбылай хан»
02.05 «Қарекет»
02.55 «100 бизнес бастауы»



ХАБАР

06.00, 03.00 ӘНҰРАН
06.00 «Тамаша»
07.00, 23.00 «Қызық таймс»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
08.10, 09.10 М/ф «Юху и его друзья»
09.00, 13.00 Новости
10.15 «ХабарLINE»
10.45, 18.45 Телехикая «Аға»
11.30, 19.30 Телехикая «Бәсеке-2»
12.10 «Юіздің назарда»
12.30 «Алтын бесік»
13.10 Сериал «Дурная кровь»
14.50 «Шашу»
15.50, 00.30 Телехикая «Ақылдың кілті. Өмірдастан»
17.30 «Сені іздедім»
18.00, 21.30 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
20.00, 00.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Үздік әндер топтамасы
21.00 Итоги дня
22.15 Т/с «Время»



АСТАНА

06.00, 03.30 «Ән мен әзіл»
07.00, 13.45 «KazNet»
07.40 «Әзілстан» жасырын камера
08.40, 14.15 Мультфильм
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.30 Т/с «След»
13.30 «ТенгеманияNEXT»
15.20, 00.30 «Кешіккен хат»
18.00, 00.30 Т/х «Бір болайық»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 Новости
«20.30»
21.00 Т/х «Үмітінді үзбе»
23.30 Т/х «Бір туған»



ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
06.40 «Той заказ»
07.10 Басты жаңалықтар
08.00 «Телеканал Доброе утро»
11.00 Сериал «Когда прошлое впереди»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «Серафима прекрасная»
16.55 «Пусть говорят»
18.00 Басты жаңалықтар
18.45, 02.45 «Пендеміз ғой»

20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Ментовские Войны-11»
22.00, 02.00«П@УТИНА»
00.45 Кино «Научи меня жить»
03.45 «Той базар»



КТК

07.00 Әнұран
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30, 02.10 «Женнеттің көз жасы»
08.50 «Қайсар жесір»
09.50 НОВОСТИ
10.20, 21.30 «Пес-3» остросужетный детектив
12.20, 23.30 «Лестница в небеса»
14.30 «У вас будет ребенок» мелодрама
16.35, 01.20 «Аталар сөзі»
17.35 «Мерекелік концерт»
18.00 «Сүйікті Дениз-2»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.10 «Әйел қырық шырақты»
04.20-05.00 «КТК қоржынынан ойын-сауық



ЖЕТИСҮ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Д/ф «Бейбітшілік қабырғасы»
10.30 Тарих парақтары
11.00 Телесериал «Елес қыз»
11.35 Өмірі өнеге
12.00 Шашу
13.00 «Оқырман» әдеби клубы
13.50 Д/ф «Археология жұмбақтары»
14.20 Айтыс
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Монолог
18.00 Шашу
19.00 Ұлт пен рух
19.30 Д.Рақышевтың орындауындағы әндер
20.20 Д/ф «Атақты жиһангез»
20.30 Жаңалықтар
21.00 Арнайы репортаж
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Елес қыз»
22.35 Д/ф «М.Төлебаев»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости



7 КАНАЛ

06.00, 14.00 «Жаңа келін»
06.50, 21.05, 03.00 Телехикая «Элиф»
09.00 М/ф «Даша и друзья: приключение в городе»
10.45 Х/ф «Три Гавкатера»
13.00, 03.45 Т/х «Жазмыш»
15.00 Сериал «Наше счастливое завтра»
17.00 «Роковая песня»
19.00, 00.20 «Робок-оп-2»
21.00 Лотерея777+Лотарей 6/49
23.10 Т/х «Әкесінің баласы»
02.40 «KZландия»
04.30 «Жеңіп көр»
05.15 «Қуырдақ»

ӨЗЕКЖАРДЫ

КОМПЬЮТЕРГЕ КӨГЕНДЕЛГЕН БАЛА

СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЕЛІМІЗДЕ ҒАЛАМТОРҒА ТӘУЕЛДІЛІК АТТЫ ЖАҢА ДЕРТТІҢ ПАЙДА БОЛҒАНЫ ЖАСЫРЫН ЕМЕС.

Дерек көздеріне сүйенсек, адамның ғаламторға тәуелділігі ішідік, кокаин немесе марихуанаға тәуелділікпен бірдей екен. Жалпы, компьютер тұтынушыларының 5-10 пайызы ғаламторға тәуелді десек, соның ішінде жасөспірімдер мен бүлдіршіндер осы бір шексіз әлемге байланғаны жасырын емес. Алайда, елімізде ғаламтордан зиян шеккен балалар туралы нақты бір дерек жоқ. Себебі ел аумағында арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілмейті. Әйткенмен мектеп жасындағы балалар әрқилы әлеуметтік желілердің тұрақты «қонағына» айналғалы қашан?! Қазір екі үйдің бірінде интернеті қосулы компьютер бар, сол себепті қаладағы интернет-клубтарға баратындар сиреген болар деп жүргеніміз бекер болып

ағылған адамдардан ақша сұрап жүргенін көзіміз шалды. Елден ақша сұрап жүргені бұл ғана емес, өткен жолы да орталықтағы «Атамеке» ғимараты алдында таңнан: «қарным аш, нанға ақша бересіздер ме?» деп алақан жайып жүргенін көз көрген болатын. Кеше тағы оның «Сенім» асханасы алдында тұрғанын көрдік. Бұл жолы жалғыз емес, жанына өзінен кішілеу баланы серік етіп алыпты. Сол баяғы әдетіне салып, ақша сұрауда. Арлы-берлі ағылған адамдар арасынан бала ғой деп ақша бергені аз болмады. Қысқасы, асхана маңын торауылдаған әлгілер қалтасын қомпайтпаса да компьютер ойынына кіруге қаржыны жинап алды деуге болады.

Оған ел секілді мен де ақша ұстатқым келген. Алайда



жақын танысы да болуы мүмкін деген еді. Ал енді бұл жастағы балаларды көбіне «Fortnite» ойыны қызықтырады. Ойын шарты атыс, кім соңында тірі қалады сол жеңімпаз атанады», – дейді өзін Айдос деп таныстырған бала.

Бір қарағанда бұл жай ғана дүние болып көрінуі мүмкін. Алайда, компьютерлік ойындардың жасөспірім балаларға кері әсерін тигізіп жатқаны көңіл алаңдатады. Саясаттанушы Расул Жұмалының пікірінше, компьютерлік ойындардың физикалық тұрғыдан алып қарағанда, көздің майын жейді, радиациясы бар. Мұның сыртында, сана-сезімі жаңа қалыптасып келетін балалардың ойлау жүйесіне, қабілетіне тигізетін зияны зор. Себебі олардың көпшілігі, тіпті 99 пайызы – біреуді біреудің өлтіруіне, қысым жасауына, қатыгездікке, басқа да толып жатқан өрескел қылықтарға үйрететін ойындар. «Өз басым жақсылыққа баулитын, болмаса әдепті қылықтарға, ізгілікке тәрбиелейтін ойындарды көрген емеспін» деген ол жат сипаттағы компьютерлік ойын дискілерінің ел аумағында таралуы мен ойын залдарының жұмысын заңдық тұрғыда шектеу қажет екенін де тілге тиек етеді.

Бұл тұрғыда психологтар ойынның бас кейіпкері болған бала үнемі ұта бермейтінін айтады. Бірде жеңеді, бірде жеңіледі. Ұтылған сайын оның сол ойынға құмарлығы арта түседі. Сол әлемнің батыры болуға ұмтылып, дүниені ұмытып, соғыс алаңында жүргендей болады. Мұндай кезде баланың жүйке жүйесі тез бұзылып, ашу-ызаға жол береді. Жеңіліп қалса, көңіл-күйі түсіп кетеді. Айналасындағыларға мән бермейді. Стратегиялық ойындарға әуес баланың бойында

мейірімділік, ізеттілік азая береді дейді.

Мамандар алаңдаушылығы да бекер емес. Күн ұзақ компьютер алдында отырып алып атыс-шабыс, төбелес ойынын ойнаған бала психикасының қандай күй кешетінін айтпасақ та түсінікті. Өткен жылы қаламыздағы орта мектептерде оқитын оқушының өз анасын пышақтап өлтіргені естеріңізде болар. Мектепте жақсы оқыған баланың компьютер клубынан шықпайтыны белгілі болды. Қылмысқа барған баланың

бұл әрекеті сол қатігез ойынның психикасына кері әсерінен болуымыс.

Бұл белгілі болған бір ғана мысал. Ал елімізде орып алатын мұндай оқиғалар саны жетіп артылады. Өзге дамыған елдердегідей бізге де компьютерлік ойындарға тосқауылдар қойып, тіпті тыйым салу қажет пе дейсің? Әйтпесе, компьютер ойынына кіру үшін көшеде қол жайып ақша сұрайтын балалар санының артпасына кім кепіл? Осы тұста ата-аналардың да бір сәт баласының не істеп, не қойып жүргеніне мән беруді ұмытпаса екен. Мұнымен қоса көшеде қол жайып ақша сұраған балалардың тағдырына бейжайлық танытпай, бұл іске де тосқауыл қоюға ерекше ден қойсақ деген ой еді менікі. Орыс әдебиетінің озық өкілі Николай Гогольдің «Ойыншылар» деп аталатын көркем пьеса желісі естеріңізде болар. Мұнда карта ойынына біржола берілген кейіпкер өмірі суреттеледі емес пе. Айтпағым, компьютерге көгендепген бала да ойынның құрбанына айналмаса екен...



тұр. Соңғы кезде компьютер ойыны бұрынғыдан бетер жандана түскендей. Әрине, нарық заманында мұндай клубтардың қып-қызыл қаржы көзі екені айтпаса да түсінікті. Қаланың әр ауданында шамамен алғанда, кемі үштен интернет-клуб орналасқан, тіпті 24 сағат бойы үзіліссіз жұмыс істейтіндері бар. Жасы он сегізден асқандарды былай қойғанда, бұл өзі мектеп оқушыларына төнген тажал болып тұрғандай ма? Ал тажалдың қақпанына бір іліксеңіз одан шығар жолдың да шырмалып жатқанын байқайсың.

Біз тілге тиек еткелі отырған бала да осы тажал қақпанына түсіп, компьютер ойынына көгенделіп қалғандай ма деген ойға еріксіз жетелейді. Неге десеңіз, оның интернет-клубтарға кіру үшін көшеде арлы-берлі

ақшаны тамаққа емес, компьютер ойынына жарататынын естіп білгенде қапаланып қалғаным рас. Оны сөзге тартқым келіп, жанына бардым. Алайда, қойған сауалыма жақ ашпады, қашып та кетпеді, бір орында сілейіп тұрып алды. Сұлбасына қарап жағдайы төмен отбасына емес екені көрініп тұрды.

«Бұл баланы өткенде компьютер клубында жолықтырып қалдым. Сіз секілді мен де оның көшеде адамдардан ақша сұрап жүргенін көрдім. Сосын оның бұл ақшаны ойынға жұмсап жүргенін білдім. Өзі бір пысық бала. Интернет-клубта оған арнайы жеңілдік те жасап қойыпты. Сол жерге келетіндердің айтуынша, бір сағатқа төлейтін 250 теңге ақшаға ол үш сағат ойнайды. Мүмкін клуб қожайынының



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ: («Егемен Қазақстан» сайтынан алынды)

Қытайда өз үйінен қашып, бір апта бойы интернет клубтан шықпаған 19 жастағы жігіт мүгедек болудың аз-ақ алдында қалды. Дәрігерлердің айтуынша, ол осы уақыттың бәрінде ойын ойнап, қозғалыссыз отырғандықтан, екі аяғы іріңдеп кеткен. Бірнеше күн ас ішпей, орнынан да тұрмай, компьютерге тәуелді болған бозбаланы жұрт теміржол маңайында есін білмей, құлап жатқан жерінен тауып алған. Оны көргендер тіпті, үйсіз-күйсіз жүрген қаңғыбас адам деп ойлап қалған көрінеді. Ұзақ уақыт қозғалыссыз отыру мен компьютердің зардабы өтіп кеткендіктен, аяғындағы инфекция денеге таралып кетсе, өмірімен қош айтысуы мүмкін болар еді. Бірақ ақ халаттылар дер кезінде көмек көрсетіп үлгерген.

С. ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ.

МАМАН МІНБЕРІ

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Гендерлік саясат әйелдерге тең қол жетімділікті және өмірдің барлық саласына қатысуды қамтамасыз етуі қажет. Гендерлік теңдік саясатының алға

Кейінгі жылдары ішкі саясаттың бір құрылымы ретінде «гендерлік саясат» деген ұғым көп айтылып жүр. 2000 жылғы қыркүйекте өткен Мыңжылдық саммитте әлемнің көптеген елінің лидерлері БҰҰ Мыңжылдық декларациясын қабылдады, оның сегіз мақсатының бірі гендерлік теңдікті қолдау болып айқындалған.

жылжуы үшін әйелдерге саяси, экономикалық және қоғамдық өмірге араласу қажет.

Демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекетті бекітуде қазақстан әйелдерінің рөлі ерекше. Қазақстанда демографиялық өсімді қамтамасыз

етуде әйелдердің үлесіне баға жетпейді, себебі, балалардың туылуы, олардың тәрбиесі әйелдердің мойнында. Сонымен қатар олар өмірлік маңызды салаларда еңбек етеді, мемлекеттік басқару жүйесінің көп бөлігі солардың еншісінде. Әйел отбасы құндылықтарының мүддесін қорғайды.

Қазақстанда гендер саясатының белсенді дамуы,

ҚР егемендік алғаннан кейін басталды деп есептеуге болады. Егер гендер саясатының шығу тегін салыстырып зерттесек, ол Қазақстанда 90-шы жылдардан бастау алып, қазіргі күнге дейін жалғасын тауып отыр. Біздің елімізде гендерлік теңдік мәселелерінде белгілі бір жетістіктерге қол жеткізілді, сонымен қатар, нормативті-

құқықтық база да жетілдірілуде. 2009 жылдың желтоқсанында гендерлік бағыттаушы заңнама аясында «Тұрмыстық зорлықтың алдын-алу туралы», «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдігі туралы» Заңдар қабылданды. Азаматтық қоғам ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға, өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу механизмін дайындауға белсенді түрде қатысуда.

Ағзам АБДРАХМАНОВ,
Алматы облысы
МАЭС-ның судьясы.



ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯ ҒАББАС БАТАЛОВТЫҢ

ХАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Редакцияға келген хаттар,

Тынышбек ДАЙРАБАЙ,
Халық мұрасын зерттеуші этнограф-ғалым,
«Құрмет» орденінің иегері:

— Халық мұрасы тұнып жатқан мол мұра, үлкен қазына. Ол тұңғыыққа өмірден көргені бар, жан-жақты үлкен білімі бар көкірегі көмбе жандар ғана қол созады. Сіздердің газетте жарияланған Ғаббас Баталовтың «Билер» жайында, қазақтың «Шешендік» өнер, «Ас беру» салтымыз жөніндегі мақалалары соған дәлел бола алады. Ғаббас ақсақал көп білетін, өмірден тоқығаны мол азамат еді. Мен оны Ғабекеңмен Қызылорда облысында бірге қызметтес болған кезде анық байқаған болатынмын. Ғабекең кеңес заманында оқып, зиялы қауымның ортасында еңбек етті. Совет директорынан ауыл шаруашылық министрінің орынбасарына дейін өскен тағлымды тұлға. Ол кісінің айтқаны да, айтары да көп еді. Кезінде Ғабекеңнің «Өзімді өзім тани білсем» атты кітабының жарыққа шығуына қолұшын берген болатынмын. Қарияның жазғандары артында қалған мұралары көп. Ендігі жерде соларды іздестіріп, газеттеріңізге жариялап отырсаңыздар құба-құп болар еді.




Зәкір АСАБАЕВ,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі:

— Ғабең ақсақалмен мен көп жыл бірге жүрдім, сырлас, дос болдым. Ойшыл адам еді, ел тағдыры туралы көп толғанатын. Өз халқын терең бағалап, жан-тәнімен сүйе білген Ғабең қария халық мұрасының ерекше жанашыры болды, ұзақ жылдар бойы оларды жинап, кейбірін жариялап та жүрді. Жарық көрмеген құнды дүниелері де көп деп ойлаймын.

Ғабеңнің қазақтың билері жөнінде жазған дүниелері ерекше. Бұл тақырыпқа өзгеше қырмен өң беріп, басқаша үнмен әңгімелейді. Қазақ билерінің саңлағы — Қаз дауысты Қазыбек, үйсін Төле би, алшыннан шыққан Әйтеке билердің біз біле бермейтін ұлағатты сөздері қазіргі өмірімізде де өзінің тәрбиелік маңызын жоймаған асыл мұралар. Ал Ғабеңнің өзінің арғы бабалары Шәңкі би туралы жинағандары, жазғандары жеке бір кітап болуға дайын дүниелер.

Менің білуімше Ғабең келер жылы көктемде 110 жасқа келеді. Өзі жоқ болса да артында қалған ұрпағы бар. Бүгінгі Жетісу өңірінің тізгінін ұстап отырған Амандық Ғаббасұлы Баталов — «Әке көрген оқ жонар» дегендей ұлағатты жан. Сондықтан Амандық бар, бәрілеріңіз Ғабеңнің артында қалдырып кеткен мұраларын үздіксіз жариялап отыру керек. Көкірегі көмбе, қазыналы қарияның 110 жылдығын лайықты өткізу керек.



БІЗ КІМБІЗ?

Бұл әңгімемде шөберемнен бастап есептегенде оныншы буында тұрған Бораншы бабамның ұрпақтарын сөз етпекшімін.

Сөзімнің негізгі саласына көшу алдында ру туралы ой пікірімді білдіруді жөн көрдім.

Ру — «менікі», «өзімдікі» деген жеке қиялдың ата-атамен топтасқан серіктестік бірлестігі ғой. Қазақ көшпенді халық. Негізгі күн көрісі мал. Ал, малды құнарлы етіп өсіріп, өркендету үшін шүйгін өрісті, кең жайылым керек.

Бұндай жайлы қонысты өзгелерге бермей, «өзінікі» етіп алу үшін ата баласы болып топталып, туыстық жігін ыдыратпай бәтуәлі ел болып өсе келе ру болып қалыптасып қалған.

Ру топтағы қазақ халқының тірлігіне өте қолайлы құрылым болды. Ру топтығында ауыздары бір болды, бірдің намысын мың болып қолдады. Ел намысына күс келтірген тендекттерін өздері өшкереледі. Сырт жаулардан сақтанып қорғануға ру бірлігі тез қимылдауға ең қолайлы ұйымшылдық бірлігін көрсетті. Ру бірлігінде туыстық сезім шын жүректе сақталып, сырт пиғылдар болмады. Ру ішінде жеті атадан аспай үйлену масқара деп саналды. Бұл арам пиғылдарды тудырмай, бір өкенің баласындай бауырмал, тату-тәтті өмір сүрудің кепілі еді. Жеті атаға дейін қан айналуын араластырмай келу нағыз ғылыми-нәсілдік (генетика) заңына тура келетін жол.

Жақын жерден тұқым араласса нәсіл (генетип) бұзылып, адамдар миқы-шиқы, тіпті ессіз есалаң нәсілдер дүниеге келеді. Қазақ халқы өте сұлу, мығым, шымыр күшті, ой сезімі сезгір тез алғыр, жарқын пейілді, кекшіл емес. Міне, осының бәрі генетипімізді таза сақтағанның арқасында. Бір туған екі ағайынды кісінің қыз беріп, қыз алысып жатқан көршілес елдердің бізден асып кеткені шамалы. Ондай елде туыстық мейірім шапағат жоқ. Көзіне қасы жау ләйлім, қазақ халқын Алла туыстық мейірім шапағатымыздан айырмасын.

Жеті атасын білмегенді жетесіз деп қазақтың шегелеп айтқандағы мақсаты туыстық сезімді адалдыққа арқау еткендігі деп түсінуіміз керек. Ал, руды даралап, әлімжеттіліктің қолшоқпарына айландыру көргенсіздік.

Ал енді өз ата-тегімізге келсем: Мен Арғын руының Қанжығалы тайпасынан өрбіген ұрпақпын. Қанжығалы (шын аты Толыбай), одан Есен, Бозым, Есеннен-Қарамыс, Қамбар, Жапар, Жапардан: Қаратуша, Жиес, Анда, Шағалақ. Андадан: Ақтайлақ, Жиенбай (Қанжығалыдан өз аталарымды жүйелеп келемін). Жиенбайдан: Құдайменді, Таңатбай, Уәйіс. Уәйістен: Тұяқбай (Тұяқ), бұдан: Қырғызбай, Теңізбай. Теңізбайдан: Жәнібек, Құдайберді. Жәнібектен: Ажығұл (Өзбек), Байғұл(Түкі), Бораншы. Міне осы Бөкеннен менің шөбереме дейін есептегенде он буын (ата) болып тұрмыз. Олай-бұлай қарасам ата жүйесін талдай алатын адамдар қалмай барады. Менің жасым 83-те. Ата балаларым туралы өзім білетін бір қанша мағлұматтарды кейінгі ұрпақтарға жеткізіп кетуді жөн көрдім.

ДАНЫШПАН ҮШ БИ

Бұл — данышпан үш бидің өз елі, қазақ халқы үшін тындырған билік шешімдері өте көп. Ел тағдырына әділдік көздерімен қарап, қара қылды қақ жарғандай талай билік шешімдерін тұжырымдап айтқан.

Қазақ халқы бір тұтас мемлекет келбетіне келе алмай бөлініп жүрген дәуірлерінде Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке билер ел тағдырын жеке бастарының қамынан әлде қайда биік қойып, ру алауыздығын болдырмауға тырысып, тарыққан халқына талай мүшкіл, шатқалдардан жол табуына күресуіне басшылық еткендіктері қазіргі бізге жеткен, айтқан мұра сөздерінен көрініп тұр.

Халық сондай данышпан, батыл ұлдарына өз тағдырларын сеніп тапсырған. Олардың тілегінде болған, олардың билігіне екі демей көнген. Мұндай билердің көрнекті өкілдерін — Төле, Қазыбек, Әйтеке, Ақжол би, Мөңке би, Тоқсан би, Шәңкі билер, т.б.

Ата-тегінің даңқына, иә байлығына, дәрежесіне қарамай өз бастарының туыс өрендеріне қарай, халық қамына әділ, адал қарауларымен, данышпан ақылына, парасаты әділдіктеріне қарай би аталған.

«Өзі болған жігіттің тегін сұрап нетесің» деп халық соларға айта сөз керек. Ал, кейінірек қазақ еліне саймалы — аға сұлтан, болыс, старшын амалдары шыққан дәуірде би атану оның табиғи туыс өрендерінен гөрі, байлық дәрежесіне қарай, яғни кім асқан бай болса, сүйенері күшті болса, сондай адамдар би атанып, ел билігіне араласқан дәуір болды. Мұндай билер ел қамынан бұрын өз басының жеке пайдасын ойлап, халқына тірек болудан гөрі, басына сор болған. Мұндай билердің мұра болып қалған данышпандық сөздері жоқ. Мұндай билерді халық кекетіп, «дәркілдек би» деп атаған.

Сондықтан би деген атақтың бәрінен жиіркену, меніңше, тарих жүйесіне шорқақтығымыздан болса керек. Осы айтылғанға орай мыналарды атап өтпекпін: Төле би, Қазыбек, Әйтеке; қырғыздан шыққан Көкембай, қарақалпақтан шыққан

Маман билердің данышпандық сөз мұралары қазіргі ұрпақтарына жетіп, жамандықты мінеп, жақсылықты дәріптегенде өнеге ретінде олардың сөздерін айтамыз. Сондықтан қазақ халқынан жедел туған Төле биді, Қаз дауысты Қазыбек биді, Әйтеке биді теңі жоқ, дара, халық бақытына уақытында тағдырдың берген сом тұлғасы дер едім.

Бұл данышпан бидің барлық сөздерін жинауға шама келген жоқ. Ал осы үш бидің қалай би атанып, қатарға іліккендері жөнінде ел аузында мынандай сөздер бар:

Төле би

Атақты Мөңке би нөкерімен ел аралап, халықтың тұрмыс ақуалдарымен танысып, дау-дамайды бітіріп келе жатып, бір түнделете үдере жүріп, ұлы сәске уақытында Ұлы жүз Үйсін еліне жетеді. Өзен бойында отырған көп үйлі ауылдың қайсы үйіне түсудің реті болуын білу үшін төбе астында асық ойнап жүрген көп балаларға бұрылып, кімнің ауылы екенін сұрап және балалардың қайсының үйіне түсуіне болатынына сыр тартады. Балалардың ішінде шұға киген, балаң-балпақ өскен байдың балалары да көрініп тұрса, біздің үйге түсіңдер деп ешқайсысы шыға қоймады. Сонда үстінде жарғақ тоны бар бір қара бала келіп:

— Ағалар, біздің үйге түсіңдер, - дейді. Мөңке би баланың басы-аяғына, киген киіміне қарап:

— Балам, біз бірталай адамбыз. Барған соң қонақ асы керек. Соны тауып беруге шамаларың келе ме? — дейді. Сонда әлгі бала:

— Би аға! Несібеңізге тигенін көрерсіз. Қонақтың несібесі қырық күн бұрын жетіседі деген.

Бай емеспін, қымыз ішіп, қазы жеген, Сусынға шалап берем. Табағым олқы болса да, Ашық қабақ, ықыласымды берем. Тапсам біреу соямын, Тапсам екеу соямын, Жүріңіздер, - деп қонақтардың шылбыры-

на оралады. Баланың мынандай ықыласына риза болған Мөңке би және сөзден жығылып қалғанын мойындап, балаға еріп, оның үйіне келіп түседі. Келсе, қара лашық үй, көрі әкешесі бар екен. Бала жүгіріп қызмет істеп жүріп, даладан бір желіндеп қалған саулық қойды жетелеп келіп, қонақтарынан бата тілейді. Бата берілген соң, әлгі қойды бауыздап, сойғанда ішінен қозы шығады. Сол уақытта барып Мөңке би баланың «тапсам біреу, тапсам екеу соямын» деген жұмбақ сөзін енді түсінеді. Тапсам біреудің бойдақ қойына айыр-бастап соямын, тапсам қозысын шығарып жалғыз саулығымды соямын деген сөзі екенін түсініп, мына бала ел бастап би болайын деп тұр екен не ойл бастап батыр болайын деп тұр екен деп ойлап, қонақ асын ішіп болған соң, қолын жайып:

Азып-тозу арамдықтан болады. Атадан қалған даңғыл жол, - Қара қылды қақ жарған. Үш ағайынды еліңе Әділетті аға бол! — деп батасын беріп аттанады.

Осыдан былай Төле би үш жүздің тағдырын шешіп, билік сөз айтқан екен.

Қаз дауысты Қазыбек би

Жәнібек ханның заманында Қалмақтың Қонтажы деген ханы қазақтың қалың елін шауып, үйірлі жылқы, қоралы қой әкетті. Қуң етем деп қыз әкетті. Күңіреніп ел қалды. Құлазыған жер қалды. Шапқыншылыққа түскен ел, мал-жанның артынан Қонтажыға кісі жіберуді ойлаған Жәнібек хан ақылы жетпей дал болды. Себебі Қонтажы ежелден қазақ халқына сыры белгілі жау еді.

Бұрын осындай шапқыншылықтан кейін елші жібергенде тең көріп, теңдік берудің орнына, барған елшілерді өлтіріп, ат-тондарын олжа қылатын қатыгез, қара көкірек бір қабан еді. Сондықтан Жәнібек хан көрініп тұрған өлімге ешкімді зорлап жібере алмай:

— Ел намысы, Ер намысы, жар намысы үшін, еңіреп кеткен ел артынан Қонтажы ханға өз еркімен елшілікке кім барады? — деп жар салады.

Сонда әлгі айтылған үш намысқа шыдамаған ел азаматтарынан жүз жігіт «Біз барамыз» деп белсеніп шығады.

Елшілер жүрер алдында Жәнібек ханның ордасына қонаға жиналып келіп түсіп жатады.

Елінің еңіреген ерлерінің ер намысы үшін аттанғалы жатқан сапарынан кішіпейілділікпен риза болып қарап тұрған Жәнібек хан іштерінен тайға мінген бір баланы да байқап қалып:

— Е, балам! Саған жол болсын! — дегенде, бала:

— Иә, ата, тай бәйгесіне талай түстім. Енді ат бәйгесіне бір түсіп көрсем бе деген талаппен келдім, - дейді.

Сонда тартынбай жауап берген баланың ерлік сыңайына риза болған Жәнібек:

— Тайың да, талабың да жақсы екен. Сағынды сындырып, талабыңды тойтармаймын. Елің үшін аттансаң, бала емессің. Дұшпанға айбат көрсет сен де, майталманым, - деп баланы да қабылдайды.

Жәнібек хан келесі күні елшілікке сайланып шыққан жүз ерді күншілік жерге дейін апарып тұртып:

— Иә, елшілікке еркімен бара жатқан ерлер, Көсем болып ел бастау қиын, Батыр болып қол бастау қиын.

Соның бәрінен де, Ел тағдырын шешетін сөз бастау қиын.

Елдеріміз елшіден, Жауластырмақ жау-шыдан.

Ел тағдырын қылыштың жүзіменен, Шешеннің тіліменен де Шешетін күндер болады.

Қонтажының алдында құлақ кесті құл емес екендеріңді естеріңнен шығармаңдар. Бастарыңнан намысты сөзді асырмаңдар.

Ел кегін ерлердің қайтармай Қоймайтынын жасырмаңдар.

Тауындағы түлкіні бабындағы тазы алар.

Тозғындаған сұңқарды, Шалғындаған қаз алар.

Ауыздарың бір болсын, Жасы үлкен ағаларыңды,

Жасы кіші інілерің Құрмет тұтып, сыйландар.

Ретті-ретті жерінде,

110 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА

ЖАНАШЫРЫ

пікірлер, ойлар

Тортай ІЗБАСҚАНОВ,

Еркін ауылдық Ақсақалдар алқасының төрағасы.

–«Алатау» газетінің №12 санында жарияланған «Ғибратты ғұмыр қазынасы» тақырыбымен берілген Ғаббас Баталов ақсақалдың жазбаларын құныға оқып шықтық. Халық мұрасының шынайы жанашыры Ғаббас қарияның тәуелсіздігімізге дейін айтып кеткен әңгіме-нақылдары мен өмірден көріп білген пайымдары бүгінгі күні де құнарлы, құнды дүниелер екеніне көз жеткіздік. Бүгінде бойына туа біткен шебер ұйымдастырушылық қабілеті, сабырлы да салмақты мінезі, ақыл-парасатымен көпшіліктің көңілінен шыға білген облыс әкімі Амандық Ғаббасұлы Баталовтың әкесі Ғаббас ақсақалдың да өз заманының озық ойлы азаматтарының бірі, халқына қалтқысыз қызмет еткен қабырғалы қайраткер болғанын білдік.



Бәрінен бұрын Ғабенің «Өтті, кетті сол заман» атты мақаласы қатты тебірентті. Түгел бір ауыл үйлі жанды малға жемге беруге арналған собықты жүгері дөнімен ашаршылықтан аман алып шығу неткен қияметті күндер десеңізші. Міне сол қиыншылықтан өткен біздің аталарымыз бен аналарымыз аманатына сай болу бүгінгі ұрпаққа үлкен міндеттер жүктейді.

Аталар жүріп өткен жол, бабалар өсиеті бізге қашан да үлгі өнеге. Сондықтан осындай мақалаларды, көнекөз қариялар жазып кеткен данагөй естеліктерді жиі жаялап тұрсаңыздар екен.

Жасы кішілерді де тыңдаңдар. Басшыларың Тайкелтір би болсын, Қосшыларың мына тайлы бала болсын. Қонтажы келісімге келетін болса, асықпассыңдар, егер келісімге келмейтіндей болса, қар суы кеппей тез қайтыңдар.

Жолдарың болсын! – деп шығарып салпыты.

Елшілер Алтай тауының оң жағында, Тарбағатай тауының таң жағында отырған Қонтажының ордасына қаңтар айында жетіп, Орда сақшысына қазақтың Жәнібек ханнан елші келгенін, олардың қандай адамдар екендіктерін, ішінде тайға мінген бала да бар екенін хабарлайды. Сонда төкөппар хан отырып:

– Ойпырмай, мына Жәнібек маған елшілікке тайға мінгізіп бала жібергені тіпті қорлағаны ғой. осылармен сөйлесіп әуре болғанша, қырып тастап, аттарын олжа етсем қайтеді деп бөседі. Сонда ханның қасында отырған ханшасы (тегі қазақ қызы болса керек):

– Иә, тақсыр, бала дегені сұңқар болмасын, тай дегеніңіз тұлпар болмасын. Қазақ қабырғалы ел, оның жүз жігітін өлтіріп жай болмассыз. Жүз атты жылқыға қосып бай болмассыз. Өз еліне озбыр хан, кісі елін қорлағыш келеді деген. алдыңызға атыңызды сыйлап, иіліп елші келгенде, Хандық қалпыңызды сақтамағаныңыз жөн болмас, – деп басып тастайды.

Сонда ханшасының данышпандық ақылынан аса алмаған хан:

– Жарайды, ертең ертемен Ордама келсін. Өзіме өзі, сөзіме сөзі тең адамы болса сөйлесермін, – деп қазақ елінен келген елшілерді қонақжайға да жайғастырмастан, далаға түнел шығуға мәжбүр етеді.

Ханның келісімі бойынша келесі күні қазақ елінің елшілері хан ордасына келіп кіреді. Түнімен аттарды бағып шыққан Қазыбек бала да елшілерге ілесіп ордаға кіріп, төмен есік алдында сүйеніп отыра кетеді.

Сонда сабырмен, саспай, қысқа ғана сөзбен келген мақсаттарын Тайкелтір би:

– Өгізді өлеңге, өрлікті төменге байлап кеткен ел-жұртымыздың артынан келдік, алдияр тақсыр, – дейді.

Сонда Тайкелтір бидің кішірейе сөйлеген сөзіне мерейі үстем болған хан:

– Кешке дейін бір жауабымды берермін. Болмаса ат-тондарың аمانында елдеріңе қайта берерсіңдер, – деп шалқасынан жатқан қалпында басын да көтерместен жауап береді. Сонда келісіп қалған сөзді қайта жалғастыра алмай аңырап отырып қалған елшілердің ішінен, босағада отырған бала орнынан ұшып тұрып:

– Әй! Қонтажы,

Ел – ебелек емес,

Ер – көбелек емес,

Дат-дат! – дейді.

Шалқасынан жатқан хан басын жастықтан тез көтеріп:

– Талабың түсінікті, датыңды айт, – деп балаға қарайды. Бала ханнан қаймықпай, адымдап барып, Қонтажының алдына шарт жүгініп отырып, м датын айтады.

Баланың қазақ халқың шын мағынасында суреттеп, әрі өрлікті көрсете сөйлеген сөзінен қаймыққан Қонтажы:

– Сенің атың кім? – деп сұрайды.

Қазыбек:

– Атым Қазыбек,

Әкем Келдібек.

Руым Арғын – Қаракесек,

Халқым қазақ, – деп жауап береді.

Қонтажы:

– Бала, сен сөйлегенде, даусың қаздың даусындай күңіреніп қоңыр үнмен күмбірлеп шығады екен. Бұдан былай сенің атыңа Қаздауысты деген қосалқы ат тіркеліп, Қаз дауысты Қазыбек атансын, – деп хан өз ордасының бөтуасын айтады.

Содан кейін бұлтаруға жол таппаған Қонтажы қазақ елінің елшілерін арнаулы қонақ үйлеріне түсіріп, сыйлап, жата-жастана сөйлесіп, қазақтан шауып өкеткен мал-жанды тегіс қайтарып, көзі жоқ малға екіден төлеу беруге келіседі.

Әйтеке би

Үйсін Төле бидің Қалмамбет деген ұста қоншысы болыпты. Төленің үйінің сыртында табиғи өсіп тұрған қисық қайыңды кесіп алып, өзіне ер соғып алады. Ет біткен соң әдемілігіне қызыққан Төле би:

– Иә, Қалмамбет, бұл ер менікі болады. Себебі бұл қайың менің үйімнің сыртында өскен, көп болғанда істеген ақынды аласың дейді.

Қалмамбет: Дүниенің жүзінде қисық қайың жалғыз осы ма? Ұнатқан ағашты кес те, ер жасап ал, бұл ерді бермеймін, – деп шалқаяды.

Ерді өзінше ала алмайтынына көзі жеткен Төле:

– Онда мына қоңсылас отырған кіші жүз еліне барып төрелесейік, –деп екеуі аттарына мініп, ерді қанжығаға байлап алып жолға шығады. Былай шыққан соң Төле би :

– Ойпырмай, бір ер үшін жүз асып төрелікке барғаным жөн болмас, жол-жөнекей ұшырасқан адамның төрелігімен – ақ бітісейін деген оймен:

– Уа, Қалмамбет, анау алдымызда көрінетін көп қара кіші жүздің жайылып жатқан малы болса керек. Сол малдың ішінде қандай да бір адам бар шығар. Сол адамға барып төрелесек сен тұрасың ба?-дейді.

– Сіз тұрсаңыз, мен тұрдым, – деп жауап береді. Сөйтіп бұлар жайылып жатқан үйір-үйір жылқының ішіне келсе, мал бағып жүрген жайдақ тайға мінген бір бала екен. Бала тайынан түсіп келіп жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Сәлемнен кейін Төле мен Қалмамбет мына ерге таласып келеміз. Жөні осылай-осылай деп жасырмай барлық жағдайды айтып, өздерімен таныстырып өтеді.

Ол жақта жүргенде Үмбетәлі жайлы үлкендерден естігенім болмаса Үмбетәліні көзіммен көрген жоқпын. Елдің айтуынша Құлжа, Сүмбе жақта қазақтың бір ақыны келіпті - дейтін. Бәлкім сол Үмбетәлі болар. Ол кісінің Таңжарықпен кездесуі сол жақта болған шығар. Бір білетінім Үмбетәлі де бір-екі мәрте Қытайда болғандығы. Бірақ, ол ертерек 1930 жыл болған шығар деп ойлаймын. Менің Нүсіпақын деген ағам Таңжарықпен дос болды. Тіпті түрмеге де бірге жатты. Басында ол жерде жағдайымыз жаман болған жоқ. Кейіннен саясат өзгеріп жағдай қиындады. Қазақтарға еліне қайтуға рұқсат беріле бастады. Бізге әскери ағам Әмірақынның көмегі тиіп, бәріміз 1955 жылы елге қайттық. Бір қызығы басында бізді Қазақстан емес, қырғыздың Жалалабат деген жеріне әкеп тастады. Кейіннен сұрастыра

атаның үйіне барып сәлем беріпті дегенін естігенім бар. Алматыға жеткеннен соң

Үмбекең: «Әй, бала, ауылға келгеннен соң менің үйіме келіп жолық, саған айтатын көп әңгімем бар», - деді. Қу тірлікпен жүріп арада біраз уақыт өтіп кетті. Сөйткенше болмай ата қайтыс болып кетті дегенді естідім. Сол кездері ақынның жасы 80-ге таяп қалған екен. Ақынмен сырласа алмағаным қатты өкіндім», - дейді Әмірхан аға.

Өз әңгімесінде ол Мұқағали Мақатаев пен Лашыннан дәріс алғанын, олардың туысы екенін, Мұқаңның інілері Тоқтарбай, Көрпешпен жақсы араласқандығын жеткізді. Жастық шағында қытай асып тағдыр теперішін көрген ақсақалдың ата-тегі де сол кездегі саясаттың кесірінен дұрыс жазылмағанын қынжыла айтты. Біз қазір бәріміз Усманов болып жазылып жүрміз. Біздің фамилиямыз негізінде Болатов болуы керек. Қытайға өткенде бәріміз бір ұйғыр Усман деген байдың үйін паналаппыз. Содан сол жердегі шенеуніктер: «Сендер Усман байдың қарамағындағы адамсыңдар. Тектерің де Усманов болсын деп жазып жіберіпті. Тек қана жаңағы әскери бастық болған ағам Әмірақын ғана тегін өзгертпей, Болатов болып өмірден өтті. Міне менің қысқаша әңгімем осы. Әй бала, мен не айттым соны жаз. Бірдеңені бүлдіріп артық жазып жүрме», - деп қалжыңдап, менің иығымнан қағып, шығарып салды.

Әуелбек ЫСҚАҚОВ,
Үмбетәлі музейінің меңгерушісі.
ЖАМБЫЛ АУДАНЫ

ЛЕБІЗ

АҚ ХАЛАТТЫЛАРҒА АЛҒЫС

ДӘРІГЕР – ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ӨМІРІН АРНАЙТЫН АБЗАЛ МАМАНДЫҚ. ОЛ МОЙНЫНА ӨМІРДЕГІ ЕҢ ҚЫМБАТ ЖАУАПКЕРШІЛІК САНАЛАТЫН АДАМ ӨМІРІН АЛАДЫ. СОНДЫҚТАН ДА БЕДЕЛДІ, ҚАЖЕТТІ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІКТІ ТАЛАП ЕТЕТІН ІЗГІ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП ҚАЛА БЕРМЕК.



Осы жылдың шілдесінде күйеуіміз екеуміз жол апатына түстік. Қарама-қарсы келетін екі көліктің бір-біріне соғылуынан болған жол апаты өте күрделі болды. Екеуміз де қатты жараландық. Мен – өмір мен өлім арасында жанталасып он үш күн облыстық аурухананың жансақтау бөлімінде жаттым. Осы уақыт аралығында қолұшын беріп, жан жылуын ямаған абазал жандарға аналық алғысымды айтқым келеді. Жедел жәрдемнен бастап, рентген бөлімінің қызметкерлері құрақ ұшып, кәсібилікпен, ептілікпен, мейірімділікпен қызмет етті. Атап айтсам, облыстық аурухана-сы бас дәрігерінің орынбасары Қ.Нұрғалиев, жансақтау бөлімінің дәрігерлері Д.Ақжігітов, Е.Көпесбаев, А.Сахаринов, И.Нусупалиев, А.Такиров, Б.Тасыбеков, А.Қасымбаев, А.Мұратбекова, М.Ахметжанова, А.Ельгандинова, аға медбике Т.Бекмустафаева, медбикелер А.Исаева, М.Базекенова, Д. Мусекова, М.Қонақбаева, Н.Нурпейісова, И.Торекельдинова, кіші медициналық қызметкерлер И.Мұхамедиева, А.Мусагожина, Г.Турысбекова, кіші медициналық қызметкерлер И.Мұхамедиева, А.Мусагожина. Г.Турысбековаларға ерекше алғыс білдіремін. Олардың әрқайсысы тәулік бойы көз ілмей, шипалы алақандары мен мейірімді сөздері арқылы жанға шуақ шашып, өз істерінің білімді де білікті мамандары екендіктерін көрсетті. Менің өмірге қайта оралуыма қолдан келгенше көмектерін аямады. Осы тұста травматология бөліміне түскен күйеуіме де ерекше ілтипат танытқан дәрігерлер мен медбикелерге айтар алғысым шексіз. Атап айтсақ, осы бөлімнің бас дәрігерінің орынбасары Мира Сәкенова, дәрігер Алтай Өміржан. Алдымен жаратушы Алла, одан кейін осы жоғарыда аталған абзал жандар арқасында жарық күнмен қайта қауышып, аяғымыздан тік тұрдық.

Құрметті алақандары шипалы, жүректері мейірімді медицина қызметкерлері! Сіздерге айтар алғысым шексіз, сіздерге мықты денсаулық пен ашық аспан, отбастарыңызға береке мен бірлік, мол бақыт, жұмыстарыңызға шығармашылық табыстар тілеймін. Сіздердің еңбектеріңіз- өлшеусіз еңбек екенін баса айтқым келеді.

Ізгі құрметпен
Гүлзира ЖИЕНТАЕВА

ДЕЛО ПРЕКРАЩЕНО ПУТЕМ ПРИМЕНЕНИЯ СУДЕБНОЙ МЕДИАЦИИ

В целях реализации поручений Президента Республики Казахстан, данных на VII съезде судей, внимание судей судов Алматинской области направлено на широкое применение примирительных процедур. Судьями Алматинской области при рассмотрении дел в строгом соответствии с Гражданским процессуальным кодексом Республики Казахстан разъясняются сторонам их право о возможности урегулирования спора посредством примирительных процедур.



Суд принимает меры для примирения сторон, содействует им в урегулировании спора на всех стадиях процесса.

Стороны могут урегулировать спор в полном объеме взаимных требований либо в части, заключив мировое соглашение, соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации или соглашение об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры либо используя иные способы в порядке, установленном Кодексом.

Право выбора остается за сторонами.

Хочу привести один пример, где АО «К» обратилось в суд с иском к ТОО «С» о взыскании задолженности по договору на оказание телекоммуникационных услуг в размере 1 578 775 тенге и возврате оплаченной государственной пошлины в размере 47 363 тенге.

Я, как судья-примиритель СМЭС Алматинской области пригласил стороны и разъяснил им, что они могут принять участие в пилотном проекте по внедрению досудебного урегулирования споров (конфликтов), стороны внимательно выслушав и вникнув в эффективность данной процедуры выразили согласие на участие в пилотном проекте по внедрению досудебного урегулирования споров (конфликтов), реализуемого Верховным Судом Республики Казахстан, и обязались в слу-

чае обращения к медиатору и заключения между сторонами дела соглашения об урегулировании спора в порядке медиации, незамедлительно предоставить его суду.

В ходе переговоров в суде в рамках пилотного проекта стороны пришли к согласию о разрешении спора в порядке медиации, в связи с чем, истец и ответчик ходатайствовали перед судом о проведения процедуры медиации судей, в производстве которого находится гражданское дело, в порядке ч.4 ст.179 ГПК РК и пп.2) п.3 ст.9 Закона РК «О медиации».

Судья-примирителем, то есть мной между сторонами спора проведена судебная медиация, в результате которой стороны на основе обоюдного соглашения достигли компромисса в урегулировании спора и предоставили соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации, которое просили утвердить и производство по делу прекратить.

Определением суда утверждено предоставленное суду медиативное соглашение, дело прекращено производством и истцу возвращена уплаченная при подаче иска государственная пошлина.

Пилотный проект ориентирован на досудебное разрешение споров.

Привести стороны к какому-либо соглашению гораздо труднее, чем просто вынести решение. Это требует от судьи большого жизненного опыта, больше временных и психологических затрат, необходимость знания им основ конфликтологии и психологии.

Расширение в Гражданском процессуальном кодексе применение примирительных процедур с участием медиаторов, адвокатов способствует повышению числа людей, которые разрешают свой спор мирным путем, в связи с чем для нас важно проводить среди населения разъяснительную работу о примирительных процедурах.

Дархан ТОКБАЕВ,
судья СМЭС Алматинской области.

СОУЧАСТИЕ В ПРЕСТУПЛЕНИИ

Повышенная общественная опасность групповой преступной деятельности характеризуется увеличением вероятности возникновения общественно опасного посягательства, а также причинением большего вреда, чем при совершении преступления одним лицом. Объединение усилий нескольких лиц для совершения преступления значительно облегчает осуществление преступного замысла, поскольку эти лица не только осознают попытку психологической поддержки друг друга, но и получают дополнительные возможности для достижения преступного результата и сокрытия следов преступления.

Существуют две основные точки зрения на юридическую природу соучастия. Первая из них опирается на представление о дополнительной, несамостоятельной природе соучастия. Согласно данной теории, основой соучастия является деятельность исполнителя, а действия всех остальных соучастников являются дополнительными по отношению к ней. Вторая теория рассматривает соучастие как самостоятельную форму преступной деятельности и устанавливает, что соучастники несут ответственность не за действия исполнителя, а за совершенные ими лично действия. И именно совершение этих действий является основанием их уголовной ответственности и определяет ее пределы. Именно этим объясняется то обстоятельство,

что соучастники будут нести ответственность даже в случае, если исполнитель преступления не может быть привлечен к уголовной ответственности в силу каких-либо обстоятельств смерти, или освобождения от уголовной ответственности вследствие деятельного раскаяния или добровольного отказа от совершения преступления.

В соучастии выделяют объективные и субъективные признаки. Отсутствие хотя бы одного из этих признаков исключает признание преступления совершенным в соучастии. Не образует соучастия совершение преступления с использованием лица, не подлежащего к уголовной ответственности в силу недостижения им возраста уголовной ответствен-

ности или невменяемости. Совместность деятельности выражается в том, что поступки нескольких лиц направлены на выполнение общего, единого для всех соучастников преступления. Соучастие, как правило, осуществляется путем активных действий соучастников, но может иметь место и соучастие путем бездействия.

Выделяется четыре вида соучастников: исполнитель, организатор, подстрекатель и пособник. Ответственность соучастников преступления определяется характером и степенью фактического участия каждого из них в совершении преступления.

Жумаш АКБЕРГЕНОВ,
судья Алакольского районного суда.

ТОО PlastForma Kazakhstan на рынке Казахстана работает более 9 лет. Компания занимается производством пластиковой тары и сопутствующие к ним товары. Производство осуществляется в г.Каскелен Карасайского района Алматинской области.

РАСШИРЯЮТ ПРОИЗВОДСТВО ПЛАСТМАССОВЫХ ИЗДЕЛИЙ

Поддержка отечественного производства является приоритетным сектором в экономике, в результате чего компания обратилась за государственной поддержкой в ДБ АО Сбербанк России и получила льготный кредит под 7% в рамках Единой программы поддержки и развития бизнеса «Дорожная карта бизнеса-2020». Также в связи с нехваткой залогового обеспечения Фондом «Даму» была одобрена гарантия. Благодаря финансированию будут приобретены оборудования по производству изделий из полимерных материалов.

«Наше предприятие осуществляет производство пластиковых канистр. На сегодняшний день, благодаря государственной поддержке мы хотим расширить производство и закупить новое оборудование по производству пластиковых ведер и крышек. Оборудуя наш цех современным оборудованием мы сможем

реализовать нашу продукцию не только в Казахстане, но и за пределами Республики» - рассказывает директор компании Избекова Алия Мержановна.

На сегодняшний день для изготовления изделий из пластика имеется 11 станков, из них: для изготовления канистр от 5 до 30 литров – 3 станка с мощностью 270 000 ед. в месяц, для изготовления мелко тарных изделий до 5 литров (бутылки, банки) 2 станка с мощностью 600 000 ед. в месяц, для изготовления пластиковых крышек 2 станка, для изготовления пластиковых ведер 1 станок.

Компания также планирует освоить производство новых видов продукции и постоянно работает над повышением качества производимой продукции.

Ш. БАТЫРБАЕВ.

МАГАЗИНУ «ВОЛНА» ПРЕДОСТАВЛЕН КРЕДИТ 15,6 МЛН. ТЕНГЕ



В настоящее время в связи с возрастающей потребностью населения в отдыхе и восстановления сил, большое значение имеет развитие туризма. Из года в год количество туристов, посетивших Алматинскую область, неуклонно растет. В связи с увеличением спроса на турпродукт в виде детских лагерей, туристических выездов в горы, отдых на летних площадках с бассейнами, г.Текели является самым подходящим местом для такого туризма.

Одним из них является торгово-развлекательный центр «Швейцария», расположенный в моногороде Текели. На территории комплекса имеется гостиница, ресторан, магазин, финская сауна и 3 летних бассейна. Для того, чтобы комплекс функционировал не только летом, компания построил современный крытый плавательный бассейн, со всем необходимым оборудованием.

Так предпринимательница Жибек Бектурова из г.Текели воспользовавшись льготным кредитованием, получила кредит под 6,5% годовых в ДБ АО Сбербанке по Программе регионального финансирования субъектов малого и среднего предпринимательства Алматинской области. На полученные средства она построила теплый ангар с бассейном.

Программа реализуется для проектов Алматинской области. Основные условия региональной программы поддержки предпринимателей, является соответствие проекта приоритетным отраслям. В фонде «Даму» любой начинающий и действующий предприниматель может подробно получить консультацию и услуги по сопровождению проектов в банки второго уровня до принятия решения совершенно бесплатно. Телефоны для справок: 8 (7282) 55 87 10.

Ш. ХАМИТОВ.

ОТЛИЧИЯ ДЕЙСТВУЮЩЕГО ТРУДОВОГО КОДЕКСА ОТ ПРЕЖНЕГО

Действующий Трудовой Кодекс Республики Казахстан принципиально отличается от прежнего. Теперь наниматель и служащий будут лично договариваться об условиях труда, которые затем пропишут в индивидуальном контракте, изменится перечень документов, который должен предоставлять сотрудник, обязанности работодателя по оформлению сотрудника на работу, условия об испытательном сроке, правила заключения трудового договора, значительные изменения претерпел трудовой договор. В итоге, внесены изменения и дополнения в более чем 6 процедур и 15 документов по приему и оформлению трудовых отношений.

Например 1. Работодатель может не предоставлять письменный отказ, в случае, если он не принял на работу беременных, имеющих детей в возрасте до трех лет, несовершеннолетних и инвалидов; 2.С 2016 года несовершеннолетних нельзя брать на работы, выполнение которых может причинить вред их здоровью и нравственному развитию (игорный бизнес, работа в ночных развлекательных заведениях, производство, перевозка и торговля алкогольной продукцией, табачными изделиями, наркотическими средствами, психотропными веществами и перекурсорами); 3.Работник при заключении трудового договора не должен предоставлять документ воинского учета и адресную справку. Но работодатель может затребовать справку о характере и условиях труда по основному месту работы для заключения трудового договора о работе по совместительству с другим работодателем. Справку

о наличии либо отсутствии сведений о совершении коррупционного преступления, если вы поступаете на работу на госпредприятия, нацхолдинги и нацкомпании и их дочерние компании; 4.Более не требуется письменное подтверждение получения работником экземпляра трудового договора; 5.Работодатель не обязан теперь в 3-х дневный срок знакомить работника с Приказом о приеме на работу и выдавать Работнику, по его требованию, заверенную копию Приказа о приеме на работу. Однако у работодателя остается общая обязанность знакомить работника со всеми актами работодателя, имеющими непосредственное отношение к работе работника (без установления срока на такое ознакомление); 6. в случае, если единственный учредитель (участник, акционер) является единоличным исполнительным органом юридического лица, то трудовой договор не заключается; 7. По соглашению сторон между работодателем и ра-

ботником может заключаться договор о неконкуренции, которым предусматривается обязательство работника не осуществлять действий, способных нанести ущерб работодателю.

Ранее трудовой договор должен был содержать гарантии и компенсационные выплаты, порядок таких выплат, условия по страхованию. Теперь данные требования исключены. Но при заключении трудового договора с инвалидом, нужно включать условия по оборудованию рабочих мест для них, с учетом их индивидуальных возможностей. Раньше этого не было.

При этом, Новый Трудовой кодекс закрепляет базовые трудовые гарантии и права работников с возможностью их расширения через заключаемые индивидуальные, коллективные договоры и соглашения, а также инструменты защиты их прав и интересов.

Абзал ШАКУАЛ,
судья Алакольского районного суда.

МОДЕРНИЗАЦИЯ ГРАЖДАНСКОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА

Елбасы Н.Назарбаев перед судейским сообществом поставил четкую задачу: модернизировать гражданское судопроизводство с тем, чтобы порядок рассмотрения гражданских дел был удобным и быстрым для сторон процесса, ориентированным на их примирение и широкое использование современных технологий.

Значительная роль при этом отводилась развитию упрощенных производств, позволяющих достичь разумного баланса между процессуальной экономией и сохранением традиционных, фундаментальных основ гражданского процесса. Упрощенные производства ориентированы на наиболее простые и «повседневные» дела, то есть на охват широкого круга правовых конфликтов, разрешение которых должно быть поставлено под контроль судебной власти.

Упрощенные производства моделируются исходя из социальных потребностей, которые связаны с развитием экономических отношений и необходимостью быстрого взыскания долгов по неисполненным обязательствам, ускоренного применения запретов и

ограничений, судебной защитой и констатацией прав и законных интересов.

Упрощенные производства предусматривают простой, понятный и недорогой для большинства слоев населения механизм защиты прав, что вызвано необходимостью обеспечения приспособленности процессуального закона под наиболее широкие категории дел, типовые ситуации, в которые попадает большинство потенциальных участников процесса.

В настоящее время в порядке упрощенного письменного производства рассматриваются дела только по двум основаниям: по исковым заявлениям о взыскании денег, если цена иска не превышает для юридических лиц семисот месячных расчетных показателей, для индивидуальных предпринимателей, граждан двухсот месячных расчетных показателей; независимо от цены иска по исковым заявлениям, основанным на представленных истцом документах, устанавливающих денежные обязательства ответчика, и (или) на документах, подтверждающих задолженность по договору.

Айнур СЕИЛЬХАНОВА,
главный специалист Талдыкорганского городского суда.

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

ЕЛДІҢ КЕЛЕШЕГІ МЕКТЕБІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Бәрі де мектептен басталады демекші, кез-келген азаматтың өмірлік танымы, болашаққа деген көзқарасы, ең аяғы ғалым атанып немесе әлемдік деңгейдегі спортшы болудың өзі де білім мен тәлім-тәрбие алған алтын ұясымен тығыз байланысты. Осы орайда облыстық білім басқармасының Дене шынықтыру спорт, алғашқы әскери дайындық және қосымша білім берудегі ғылыми-тәжірибелік орталығының директоры Әсет Шапайұлы Байділдинге жолығып, өңірдегі мектеп пен колледж және кәсіптік білім беретін оқу орындарындағы спорт, дене шынықтыру саласының бүгінгі таңдағы аяқ алысы мен даму барысы туралы айтып беруін өтіндік.

Алматы облысы республика көлемінде ең ірі аймақтың бірі. Жер жәннаты атанған Жетісу өлкесінде тұратын халықтың саны 2 миллионға да жетіп қалды. Осы көрсеткіштердің негізгі бөлігін жас жеткіншек ұрпақтарымыздың құрайтыны да анық. Мекеміздің жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігіне қарасты Ұлттық ғылыми-практикалық Дене тәрбиесі орталығымен тығыз байланыста қызмет атқарады. Орталық облыс көлеміндегі оқу орындарының, колледж бен мектеп оқушылары қатысқан барлық спорттық шараларға, жарыстарға, Спартакиада мен Универсиадаға қолдау танытады. Олардың жоғары деңгейде өтулеріне көмек көрсетеді. Ұйымдастыру жұмыстарына белсенді қатысады. Барлық аудандарда филиалдарымыз да өте сәтті еңбек етеді. Бір сөзбен айтқанда Орталық жас жеткіншектерді мектеп қабырғасында-ақ, спорт, дене шынықтыруға және алғашқы әскери дайындыққа баулып қана қоймай олардың жарыс алаңдарында шыңдалып, топ жарып, чемпион атануларына дейін қолдау көрсететінін атап өткеніміз орынды. Бүгінгі күні оқу орындарында жастарымыз Орталықтың тікелей қолдауының арқасында спорттың 54 түрімен тұрақты түрде шұғылданады. Атап айтқанда, облыс жастары үшін 4 мыңнан астам студенті бар Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің алар орны тым айрықша. Университеттің білім деңгейі мен қатар дене шынықтыру және спорттағы қол жеткізген жетістіктері де ұшан-теңіз. Соңғы 10 жылда 7 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 93 спорт шебері, 113 спорт шеберлігіне кандидат, 300-ден астам 1 разрядты спортшылар даярланды. Олимпиада чемпиондары Мәулен Мамыров пен Димитрий Хегай да осы университеттің түлектері екенін мақтан тұтамыз. Бүгінгі таңда білім ордасының студент-спортшылары әлемдік және Азия ойындарының жүлдегерлері атанып, жерлестерін қуантады. Өткен жылы Жетісу университеті Орталықтың қолдауымен студенттердің IX жазғы Универсиадасын өте сәтті өткізгенін көпшілік жақсы біледі. Республика көлемінде өткен додалы жарыста спорттың 38 түрі қамтылды. Оған еліміздің 52 жоғары оқу орнынан 2943 спортшы тартылып, 359 команда өзара бәсекеге түсті. Жетісу университеті студенттер Универсиадасын жоғары деңгейде ұйымдастыра отырып, жүлделі бірінші орынды да жеңіп алды. Жеңіс тұғырына көтерілген командаларды марапаттау үшін Қазақстан Републикасы Білім және Ғылым министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі Орталығының бас директоры, ҚР-ның Құрметті спорт қайраткері, халықаралық дәрежедегі төреші Садық Мұстафаевтың өзі келіп құттықтады. Ал биылғы жылы Ақтөбеде өткен X жазғы Универсиада да университет жастары жүлделі үшінші орынға көтерілді.

– Расында, Орталықтың бар жұмысы жеткіншек ұрпақтың білім алатын оқу орындарымен тығыз байланысты болғандықтан, оның жұмысы да өте ауқымды екенін жақсы білеміз. Атқарылып жатқан барлық істі қамтып кету де мүмкін емес. Десек те, күнделікті жүргізіліп жатқан жұмыс барысының шет жағасын айта отырсаңыз?

– Әрине, жұмысымыз білім саласымен тікелей байланысты. Мысалы аймақта 800-ге жуық мектеп болса, онда білім алатын жеткіншек жастарымыздың саны 1 миллионнан асып жығылады. Сонымен қатар өңірдегі 70-тен астам колледжде студенттер саны 33 мыңна асса, техникалық, кәсіптік білім беретін оқу

орындарының саны 71-ден асып, білім алушы жастардың саны 40 мыңды құрап қалды. Міне, осы жастардың барлығын да спортқа, дене шынықтыру саласына тарту жұмысы сөзге оңай болғанымен іс жүзінде үлкен жауапкершіліктің көрсеткіші екені де анық. Осы істердің ойдағыдай жүруіне Орталық тікелей жауапты. Мұнымен қатар оқушылар арасында Отандық, патриоттық тәрбиені қалыптастыру мақсатында туризм мен алғашқы әскери дайындықтың да алар орны ерекше. Бұл өзінше бір кеңінен қозғайтын жеке тақырыптың үлкен әңгімесі.

– Спорт пен дене шынықтыру жағы түсінікті. Десек те, оқушылардың қауіпсіздігі, олардың төтенше жағдайларда өзін-өзі қалай ұстауы, жүріп-тұруы, ең аяғы суда жүзе білу

үшін өткен жылдың маусым айында облыстық жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында Астананың 20 жылдығына және Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың облыстық слеті өткізілді. Облыстық слетке 13 аудан және жалпы командалық есепке кірмейтін Талдықорған қаласының 2 туристік клубтары номинациялар бойынша өзара бәсекеге түсті. Жарыс додасына өз ісінің майталмандары болып саналатын 150 адам қатысты. Ал шілденің 15-17-і аралығында үш күндік «Черкасай» туристік маршруты бойынша бейнебаян түсірілді. Оқушылар экскурсиясы Текелі қаласында ұйымдастырылып, Черкасай

командалары өзара жарысқа түсіп, туризмнің қыр-сырымен танысты. Түрлі жарақаттардың алдын алу үшін алғашқы дәрігерлік көмек көрсету жолдарымен танысты. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар және дипломдар тапсырылды. Қазан айының 5-10 аралығында Сочи қаласында 54-халықаралық туристер слеті аралас қашықтықта «Спорттық туризм» атауымен өтті. Халықаралық додалы жарысқа Сарқан ауданының «Арлан» туристік клубы қатысып, жалпы командалық есепте бірінші орынға көтеріліп, облыс жанкүйерлерінің мерейін өсірді. Топ жетекшісі М. Тынышбаев атындағы орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Марат Нұрланұлы екенін мақтанышпен айта аламыз.

– Байқаймын айтар әңгіме әлі де көп сияқты. Ең негізгісі мектеп оқушылары арасында туризм спорты ойдағыдай жолға қойылғанына қуаныштымыз. Енді қысқаша болса да мектеп пен колледж студенттерінің спорттағы аяқ алыстарына тоқтала кетсеңіз?

– Жоғарыда атап өткеніміздей облыс жастары спорттың

республикалық «Мектеп лига» жарыстарында да футболдан, волейболдан да мектеп оқушылары жеңіс тұғырынан бірде бір ретте түскен емес. Атап айтқанда, мамыр айының 7-17 аралығында Астана қаласында футболдан «Былғары доп» жарысында облыс құрамасы үшінші орынды иеленді. Мамырдың 20-27 аралығында Алматы қаласында «Мектеп лига» жарысы аясында волейболдан Талғар ауданының 6-8 сынып оқушылары жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. Міне осы сияқты облыс оқушыларының жетістіктерін тізбектеп айта беруге болады.

– Дұрыс екен. Енді осы жетістіктердің басы-қасында жүрген мұғалім-ұстаздардың да ерен еңбегін атай кетсеңіз дұрыс болар еді?

– Шынында жас жеткіншектердің алдында ұстаздардың еңбегі қашанда өлшеусіз ғой. Өткен жылы Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің мәртебесін көтеру және шығармашылық әлеуетін арттыру, олардың әрі қарай кәсіби тұрғыда өсуіне жағдай жасау мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының шеңберінде сәуірдің 16-21 күндері Шучинск қаласында «Үздік дене шынықтыру мұғалімі – 2018» III Республикалық конкурсы өтті. Байқауға еліміздің барлық өңірлерінен 14 үміткер қатысты. Алматы облысының намысын қорғаған Қарасай ауданы В. Белинский атындағы орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі Ақмарал Аққалиқызы Нұрмағанбетова «Ең үздік ашық сабақ» номинациясымен марапатталып, мерейімізді көтерді. 2019 жылдың 16-19 сәуірінде Шучинск қаласының «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында ҚР Білім және Ғылым министрлігі Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығының ұйымдастыруымен мұғалімдердің мәртебесін көтеру мақсатында «Үздік дене шынықтыру - 2019» республикалық байқауы өткізілді. Байқау қорытындысында Алматы облысы Қапшағай қаласының орта мектеп гимназиясының дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Айдын Алтайұлы Түсіпбеков дене шынықтыру пәнінің шебер номинациясына ие болды. Тағыда айта кетсек, үстіміздегі жылы Алматы об-лысының Білім басқармасы мектептегі дене шынықтыру пәні мұғалімдері арасындағы «Үздік дене шынықтыру мұғалімі – 2019» облыстық байқауын сәуір айының 3-5 күндері аралығында өткізді. Облыстық байқау 5 кезеңнен тұрды. Атап айтқанда, бірінші кезең – «Педагог – шебер» мұғалімнің кәсіби тәжірибесі, екінші кезең – «Жаңа мектепке – жаңашыл сабақ», үшінші кезең – «Әрбір жұмыс тәжірибесіне – тиімді тәжірибе» (Авторлық бағдарламаның ұсынылуы), төртінші кезең – «Стадион» спорттық іс-шараның тұсаукесері, бесінші кезең – мұғалімдердің жастарына арналған дене жаттығуларының тапсыру түрлері; Жүгіру – 100 метр, тұрған орнынан ұзындыққа секіру, кермеде тартылу – ұлдар. Арқада жатып кеудесін көтеру – қыздар және жүзу бөлімі. Сайыс қорытындысында бірінші орынды Қапшағай қаласынан келген Айдын Түсіпбеков жеңіп алса, екінші орынды Іле ауданынан келген Дана Әлімбаева мен Текелі қаласынан қатысқан Гүлдана Болатханқызы иеленді. Ал үшінші орынды Ақсу ауданынан Айгерім Серікбаева, Панфилов ауданынан Аслан Қадырбеков, Алакөл ауданынан Айдын Нұрболанов, Талдықорған қаласынан Ілияс Нұрсұлтанов өзара бөлісті. Байқау жеңімпаздарына Алматы облысының Білім басқармасы басшысының мадақтамасы, Құрмет грамотасы, Алғыс хаты мен ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Бір сөзбен айтқанда мектебіміздегі спорт пен дене шынықтыру саласының бүгінгі даму деңгейіне қарай отырып, болашағымыздың даңғыл, әрі жарқын екеніне көзіміз жеткендей.

Мәулетхан АҚСАНОВ,
«Қазақ спорты» газетінің тілшісі.



ТАНЫМ

ШЫҢҒЫСХАНЫНЫҢ
ӨСИЕТІ



1. Егер ұлдар әкесінің жолын қумаса, інілері ағасының сөзін тыңдамаса, күйеуінің әйеліне сенімі болмаса, әйелі күйеуін жүре тыңдаса, енелері келіндерін ұнатпаса, келіндер енелерін құрмет тұтпаса, ұлы адамдар қорғансызға пана болмаса, пақырлар даналар сөзін құлтамаса, басшылар қызметкерлерінің жүрегіне жол таппаса, айналасындағы адамдарды соңынан ерте алмаса, игілікті басқа жандардан мол игеріп, байыған адамдар басқалардың да баюына көмектесіп, қол ұшын бермесе, басқа халықтың әдет-ғұрпы мен заңына, ақыл-парасаты мен адамгершілігіне менмендікпен қараса, мемлекет тәртібін мойындамаса, ондай елде ұрылар мен суайттар, қылмыскерлер мен басқа да бұзық жолға түскендер оз отанының басына қара түнек орнатады. Басқаша айтқанда, ол елдің байлығы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетеді, жылқылары мен табындарының тыныштығы бұзылады, жорыққа мінген аттары зорығып өледі, сөйтіп бүкіл халық түкке тұрмайтын дәрменсіз бейшараға айналады.

2. Егер әркім өз пиғылын арамдық ойдан тазартатын болса, бүкіл ел ұры-қарыдан, зиянды әдеттен пәк болар еді.

3. Момын халықтың арасында жүргенде қошақандай момын бол, ал шайқасқа шыққанда, жемтік көрген аш бүркіттей шүйлік.

4. Сөзді айттың ба – ол жақсы ма, жаман ба, шын ба, әзіл ме, бәрібір қайтара алмайсың. Сондықтан, сөзіңді безбенмен өлшегендей салмақтап барып айт.

5. Ер кісі бір мезгілінде барлық жерді жарық етіп отыратын күн емес. Олай болса, ері аңға не жорыққа кеткенде, әйелі ерінің отбасын көңірітпей, үй ішін үлбіретіп отыруы керек. Келген кісіге ерінің жоқтығын білдірмей, құрметпен қарсы алып, дәмді тағам беріп, адал пейілмен сыйлап жіберсе, өзінің абыройын арттырып қана қоймайды, ел арасында ерінің де абырой-беделін асқар шыңға шығарады. Ер кісінің абыройы әйелінің адамгершілік қасиеттеріне тікелей байланысты. Керісінше, әйел парықсыз, жүрген жерінде абыройсыз, ар-намысын аяққа басып жүрген бәдік болса, күйеуінің де абыройы болмайды, ауыздағы сөзі аяқтыға жол болады.

6. Шербеттен ақыл да, пайда да, абырой да, қайырымды мінез-құлық та, адамгершілік те күтпе. Ішуді тастай тыюға жігерің жетпесе, шамаңды байқап, мөлшерлеп ішкін. Мүлдем ішпейтін адам – нағыз қадірлі адам!

КЕРЕК ДЕРЕК

КІР САБЫНЫНЫҢ
пайдасы



ҚАЗІРГІ ТАҢДА БІЗ КІРСАБЫНДЫ КИІМ ЖУҒАНДА КӨМЕКШІ ҚҰРАЛ РЕТІНДЕ ҒАНА ПАЙДАЛАНАТЫН БОЛДЫҚ. БІРАҚ ОНЫҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТІГІЗЕР ПАЙДАСЫ ДА МОЛ.

Мәселен, адамның қолына тікен немесе ағаштың жаңқасы кіріп кеткен жағдайда оны инемен тескілеп, жанымызды ауыртамыз. Осындайда кір сабынды жылы суға езіп, дәкеге қалыңдау етіп жағып, тікен кірген жерге таңып қойсаңыз, бір сағаттың ішінде тікен өзінен-өзі сыртқа шығады.

Егер шашыңыз қалың әрі ұзын болғанын қаласаңыз, онда мамандар шашыңызды кір сабынмен жууға кеңес береді. Сусабынды пайдаланып болғаннан соң, артынша басты кір сабынмен жуу керек. Содан соң суға бір-екі тамшы сірке суын қосып шашты қайта жусаңыз, шаштың түбін қатайтуға көмектеседі. Оған қоса, таз ауруына шалдыққанда дәрігерлер кір сабынмен жууына кеңес береді.

Бетті аптасына екі рет кір сабынмен жуу керек. Ол беттің тері қабатына терең сіңіп, бетті майланудан сақтайды. Кір сабынмен жуығаннан кейін, артынан балаларға арналған крем жағуды ұмытпаңыз.

Моншаға түсуді ұнататындарға кеңес. Бұға түсерде сыпырғыны кір сабын салынған суға батырып қолданса, теріңіз тазарып қана қоймай,

БАЙ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ

АҚША ЖИНАУДЫҢ
ЖОЛЫ



Қай жерде ақша туралы әңгіме қозғалса да, ақшаны жамандамаңыз. Бұл сіздің өмірлік салт-дәстүр, дағдыңызға айналсын.

1. «Ақшам жоқ, ақша жетпейді» деп ешқашанда айтпаңыз. Олай десеңіз, Сізден ақша қашады. Керісінше, сіз «Мені ақша жақсы көреді», «Күннен – күнге менің қаражатым көбейіп, табысым артып келеді» деген сөзді жиі-жиі айтыңыз, олай деуге қымсынбаңыз, қорықпаңыз.

2. Ақша жинаңыз. Тек ақшаны тойға, жақсылыққа, оқуға, жаңа дүние сатып алуға, саяхатқа шығуға, жақсы демалуға жинайтын болыңыз. Ақшаны «қара күнге» деп жинамаңыз.

3. Ақша жинауда, оны ұсатып жұмсауда бай адамдардың психологиясын зерттеңіз, соларға еліктеңіз. Өзіңізді бай адамның орнындамын деп есептеңіз. Қоғамдық көлікпен жүрсеңіз «Мен мұны қарапайым адамдардың тыныс-тіршілігін білу үшін уақытша мініп жүрмін» деген ойда болыңыз. Өзіңіздің бұл ісіңізді баюға психологиялық тұрғыда дайындалу деп түсініп, күнделікті өмірде ұсақ-түйектерге көп көңіл бөлмеңіз.

4. Ақшаны адал жолмен қалай тапсаңыз, оған да солай адал болыңыз. Ұлық Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінде айтылғанындай, біреуге артық ақша бермеуді, біреуден артық ақша алмауды қадағалаңыз. Сатушы жаңылысып, Сізге артық ақша қайтарса, немесе бір затыңызды сатып алушы құнынан артық ақша ұсынса, оны қайтарып беріңіз. Қиянат жасағанды ақша ұнатпайды.

5. Ешқашан тың ойлардан, жаңа қадамдардан, жаңалықтардан, жақсы істерден бас тартпаңыз. Олар Сізді жаңа табыстарға жетелейді.

6. Ақша – үлкен қуат көзі болғандықтан, әрі ұқыптылықты жақсы көретіндіктен ең бірінші жақсы әмиян таңдап алыңыз. Сосын оған әр тиынды дұрыстап тұрып салыңыз, әмияныңызды сыртынан сипап, оған жылы сөздер айтыңыз, ақшаның еркелеткенді жақсы көретінін естен шығармаңыз.

7. Маңдайға біткен дәулет үшін өтем төлеу жақсы. Байлықты сақтап қалу үшін қайырымдылық шараларына мол шығын шығарып, жаманшылықтың алдын алады, мешіт, медресе, аурухананы өз қаржысымен салдырып, халыққа сыйға тарту – бұрыннан жалғасып келе жатқан сауапты іс. Тек оны атын шығару үшін жасамау қажет.

8. Ақша өзіңді жақсы көруі үшін алдымен Сіз ақшаны жақсы көріңіз. Алайда ақшаны ар-ұяттан, ұлттық мақсат-мүддеден жоғары қоймаңыз. Жетпей, таусылып, қарызға батып қалған кезде ғана ақшаны ойламай, оны әрдайым байлық ретінде жақсы көріп, оның молаютынына көміп сеніңіз. Ақша жолы болмайтын, өзіне-өзінің сенімі жоқ адамдардан қашады. «Маған сондай жалақы, сондай ақша жетеді», -деп, ақшаға шектеу қойып, өзіңіздің табыс көзіңізді жауып тастамаңыз. Табысыңыз өз қажеттілігіңізден артылып жатса, қайырымдылық жасаңыз. Ақша қайырымдылықты жақсы көреді.

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

КҮЙІП ҚАЛҒАНДА
не істеу керек?



ҚАТЕР АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ, АЛ АБАЙСЫЗ-ДА БОЛҒАН ЖАҒДАЙҒА ҚАЛАЙ ТӨТЕП БЕРЕМІЗ? ӘСІРЕСЕ, ОТТАН, СУДАН КЕЛГЕН ҚАУІП-ҚАТЕР ЕҢ ҚОРҚЫНЫШТЫСЫ БОЛСА КЕРЕК. САҚТАНСАҢ САҚТАЙДЫ, АЛАЙДА, ОСЫ СЫНДЫ ОҚИҒАЛАРҒА КЕЗ БОЛҒАНДА НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТТІГІН БІЛГЕН АРТЫҚ ЕТПЕЙДІ.

Қаншалықты ашыса да күйген жерді суық суда ұстап, тазалап алу қажет. Кейін жара орнына тұз немесе бал мен шикі жұмыртқаның ағын жағуға болады. Егер жара қабынып, ауырғаны сезілсе, алмұртты таңып қойыңыз. Тіс пастасының да осы тұрғыда пайдасы бар. Ол терінің қабынуының алдын алады, ісуден де сақтайды. Күйіп қалған орын зақымданғаннан бөлек, ісіну белгілері біліне бастаса, пайдаланыңыз. Оны күйген теріге жағып, шамалы уақыттан соң жуып тастасыңыз болғаны, бірден шипасын береді. Сондай-ақ, тері қатты күйіп, зақымданатын болса, сол сәтте спиртке салғаныңыз дұрыс болмақ. Яғни, мақтаны спиртке малып, күйген орында сүртіп отыру амалдары жиі жасалуы тиіс. Егер, майға немесе суға күйіп қалсаңыз, сұйық майдың өзі ем болмақ.

Ал ауру асқынып, дерт айықпаса дәрігерге қаралғаныңыз жөн. Өйткені, денсаулық сіз бен біздің басты байлығымыз.

Деректер интернет желісінен алынды